



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Король Филиппті Бельгияның Ұлттық күнімен құттықтады.

Президенттің пікірінше, бұл айтулы күн Бельгия халқының ынтымақ-бірлігін, бай тарихын, егемендік пен демократия құндылықтарын берік ұстанатынын көрсетеді.

Мемлекет басшысы Король Филипптің қызметіне табыс, ал Бельгия халқына бақ-береке тіледі.

«БАҒАНАШЫЛ» БАЛАЛАР ҮЙІНЕ ҚАТЫСТЫ ТАПСЫРМА БЕРДІ

«Бағанашыл» балалар үйінің тәрбиеленушілерін Алматыдан Қонаев қаласына көшіруге байланысты жағдаймен танысқан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдыға оқушылардың оңтүстік астанада білім алуын жалғастыру үшін балалар үйіне жөндеу жұмыстарын жүргізуді және аталған нысанды қаланың балансына алуды тапсырды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, балалар үйі көшірілмейді. Аталған жағдайға байланысты Президент Әкімшілігі қызметтік тексеріс жүргізеді. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың заң шеңберіндегі барлық құқығы толық сақталады, — деп жазды Президенттің кеңесшісі — баспасөз хатшысы Руслан Желдібай әлеуметтік желідегі парақшасында.



ҚЫМЫЗДЫҢ

ҚЫЗЫҒЫНА ТҮСКЕН КҮН

19-20 шілдеде Арқа төсін ән мен күйге бөлеген BaiQymyz гастротести-валі өтті. Елімізде ең үздік бапталған қымызды анықтайтын сайыс тұңғыш рет ұйымдастырылды. Бұл тойды көрген де, көрмеген де таңданысын жасырмады. Өйткені қымыздан бөлек, аттың сынын анықтап, жүйрік тазыны таныды. Ұмыт қалған ұлттық тағамды әзірлеп, ойын-сауық бағдарламасы кештің көрігін қыздырды. Қымыздың пайдасынан бастап ұлттық спортқа дейін жіктеген ғылыми конференцияның жөні бір басқа. Халық «жазда наурыз тойын тойлағандай болдық» десе, қатысушылар қымыз өндірісіне қатысты көтерілген мәселе жерде қалмауын сұрады.

→ 8

БАСҚАРУ СОҢЫ ЖАҚСАРУ БОЛА МА?

Тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық сала-сында тағы да реформа. Осыған орай ел Парламенті депутаттар бастамашы болған 3 заң жобасынан тұратын заңнамалық топтаманы құптады. Қалау-лылар бұған амалсыз барып отыр, себебі қалаларда тұрғын үй кешендерін басқаруға қатысты ұзақ жылғы дау бітер емес. Жаңа реформа аясында рес-публикада көппәтерлі үйлерді басқарудың 2 нысаны ғана қалады. Салада тағы не өзгермек?



→ 6

«ТАСТАНДЫ» ҮЙЛЕР ПАЙДА БОЛАДЫ

Заңға жүйрік азаматтар үшін құнды дерек. Парламент өткен сессияда, каникул кар-санында қабылдаған заңнамалық пакетке келесі 3 заң кіреді: «Кейбір заңнамалық акті-лерге тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік және экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы, «Салық және бюджетке төленетін баска да міндетті төлемдер туралы» кодексіне (Салық кодексі) және оны қолданысқа енгізу мәселелері бойынша ҚР заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңын, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ко-дексіне тұрғын үй-коммуналдық шаруашы-лық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы.

15 шілде күні оның бәрін Президент қол қойды. Айта кету керек, 2023 жылғы сәуірде, Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысының өзі мүлік иелері бірлестігі реформасының кемшіліктерін атап өтіп, көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару жүйесін ретке келтіруді тапсырған болатын. Жі-берілген қателіктер мен қазіргі нақты ахуалды ескеріп, депутаттық корпуста кон-доминиумдарды басқарудың құқықтық не-гізін қайта қарауды жүктеді.

Аида БАЛАЕВА,
Мәдениет және ақпарат министрі:

МӘДЕНИЕТ ДАУ-ДАМАЙДЫҢ ЕМЕС, ТЫҢ ИДЕЯ МЕН АУЫЗБІРЛІКТІҢ АЛАҢЫ БОЛУЫ КЕРЕК

Әр халықтың өзіндік «мәдени коды» бар – ол сол ұлтты басқалардан даралап тұратын ерекшелік. Мәдениет – ұлттың айнасы, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан халықтың рухани келбеті, мейірімі мен парасат-пайымы. «Өнер – ұлттың жаны» деген сөз бекер айтылмаса керек-ті. Осы орайда мәдени саладағы өзгерістер мен жетістіктер жайлы Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаевамен сұхбаттастық.

(Жалғасы 4-5 бетте)



«КРЕАТИВТІ ИНКЛЮЗИЯ»: ҚОЛӨНЕРГЕ ҮЙРЕТЕДІ

Қарағанды облысына қарасты Теміртау қала-сының кәсіпкері Наталья Воротынская «Креа-тивті инклюзия» жобасымен республикалық байқауда жеңіске жетіп, шағын мемлекеттік гранттың иегері атанды. Қолға тиген мил-лион теңгеге ол ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін киіз басу және ұсақ моншақ тоқу курстарын ұйымдастырады.



→ 7

АЛМАТЫДАН АВИНЬОНҒА ДЕЙІН...

Әлемге әйгілі махаббат тарихы Еуропа сахна-сында қазақ тілінде сөйледі. Алматы қуыршақ театрының ұжымы Францияның Авиньон қаласында өтіп жатқан Off Avignon халықара-лық театр фестивалінде өнер көрсетті. Бүгінде тарихы сонау 1947 жылдан бастау алған фес-тиваль Еуропа құрлығындағы ауқымды әрі беделді іс-шаралардың бірі.



→ 8

22 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ

ДАМУ

БАҚ-ТАҒЫ БЕЛСЕНДІ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 2025 жылдың I жартыжылдығы бойынша қорытындыларды ұсынды. Медиа саланы дамытудың негізгі бағыттарының ішінде БАҚ-ты тіркеу мен жаңарту, құқыққа қарсы контентпен күрес, халықаралық ынтымақтастық, бірлескен жобалар және тарату аясын кеңейту мәселелері қарастырылған.



БАҚ-ты тіркеу: Республикада барлығы 4 871 бұқаралық ақпарат құралы тіркелген. Оның ішінде, 3 002 мерзімді басылым (газет, журнал), 236 телеарна, 98 радио, 1 231 ақпарат агенттігі мен онлайн-басылым бар. 2025 жылдың I жартыжылдығында БАҚ реестрі жаңартылып, ел аумағында 140 БАҚ қызметін тоқтатып (59 газет, 62 журнал, 19 интернет-басылым), тіркеуден шығарылды.

«Құқыққа қайшы контент» таратуға қарсы шаралар: Жыл басынан бері интернет желісінен 74 130 заңға қайшы материал анықталып, олардың 36 667-і жойылған. Онлайн платформалардан 49 896 материал табылып, оның 12 433-і жойылды.

Ортақ жобалар: «Евразия» арнасы ресейлік «Первый канал» арнасымен бірлесіп, Қазақстанда «Аллигатор» атты 8 сериялы көркем сериал түсірді. Бүгінде Qazaqstan арнасы түркиялық Kanal D арнасымен бірге «Кайта оралған Үміт» атты 100 сериялы телехикаяны жарыққа шығармақ. 24KZ арнасы Қытайдың CCTV 4 арнасымен «Орталық Азия — Қытай» саммиті аясында Қазақстан жайлы «Ортақ үй» («Общий дом») атты деректі фильмнің

премьерасын өткізді. «Хабар» арнасында «Ұлы дала мен Аспан асты елі: көршілер, серіктестер, достар» атты деректі фильм көрсетілді.

Халықаралық ынтымақтастық: Euronews-пен серіктестік аясында Modern Nomads телевизиялық бағдарламасының 12, East West Connect 6, Voices from Central Asia 6 шығарылымы, Focus 3 репортажы әзірленді.

Сонымен бірге, 2025 жылдың наурыз-маусым айларында Euronews Academy білім беру жобасы бойынша Қазақстанда журналистика және медиаменеджмент бағыттарында 4 кәсіби курс ұйымдастырылды.

Тарату аясын кеңіту: «Сұр табақшалар» науқаны аясында шетелдік спутник құрылғыларына балама ретінде отандық спутник аппараттарын сатып алуға ынталандыру мақсатында субсидиялау бағдарламасы іске қосылды. Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстарында 300-ден астам құрылғы сатып алу құны субсидияланды. Жақын арада шекаралас аймақтарда тұрғындар 3 000-нан астам аппарат пайдаланады деп жоспарлануда.

ҚАЛҚАН



ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРҚЫРАҒАН ШЕКАРАШЫЛАР

Жуырда ҚР ҰҚК Шекара академиясының бір топ офицері көпшіліктің алдында «капитан» және «майор» шенін алып, салтанатты сәттің куәсі болды. Генерал-майор П.Поливановтың қолынан жаңа шен алу – олардың көпжылдық адал қызметінің жемісі. Бұл – тек әскери мансаптардың өсуі емес, Отан алдындағы жауапкершіліктің де арта түскенін білдіреді.

Олардың қатарында: Р.Ихсаниев, А.Толымбеков, А.Мыныбаев, Ә.Қызайбаев, Н.Жұмағали, Б.Қуандық, Д.Әнуар, Д.Мұқатаев, И.Плеханов, Н.Алимғазин, Е.Болатов, А.Кабиев бар. Сонымен қатар бірқатар шекарашылар кезекті майор әскери шеніне қол жеткізді. Олар: Н.Ынтығарбек, Б.Бимахан, А.Рахымбердиев, Б.Ахатай, Д.Каметов, Н.Темірғали, Е.Қабдолла.

Әскери өмірде кезекті әскери шенінді өз уақытында алған жақсы. Кейде қызмет барысында мүлт кетіп, қалыс басып жататын кездер де болады. Онда әскери жарғыға сай сөгіс жарияланып, кезекті ала-йын деп тұрған әскери шеніне кешірек қол жеткізесін. Қызығынан да қиындығы басым әскери салада өзіне жүктелген жауапты міндетті абыройлы атқара

білетін, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар ғана шыдамдылық танытады.

Мұнда тұрған жас офицерлер саналы ғұмырын кастерлі шекарашы мамандығына арнаған, Шекара академиясын әр жылдары бітірген төрт жыл оқып, «лейтенант» шенінен бастаған нағыз өз ісінің майталмандары. Олардың әскери шені өскенімен, ел аманатын арқалайтын жауапкершілігі азайған жоқ. Ендеше Отан шекарасын күзеткен қайсар ұлдардың жұлдыздары жарқырай берсін!

Ж.ЖАБЫРБЕКОВ,
ҚР ҰҚК Шекара академиясының баспасөз хатшысы

ДӘУЛЕТ

ӘДІЛДІККЕ БАСТАЙТЫН ӘЛЕУЕТТІ РЕФОРМА



Президент жақында салық саласындағы ауқымды реформаның бастамасы болған жаңа Салық кодексіне қол қойды. Құжат салықтық әкімшілендіруді едәуір жеңілдетуді көздейді. Келер жылдың қаңтарынан бастап күшіне енетін жаңа кодекс корпоративтік және жеке табыс салығынан бастап, инвестицияны ынталандыру мен салық жүктемесін әділ бөлуге дейінгі негізгі бағыттардың бәрін қамтиды. Сарапшылар бұл құжатта елдің салық жүйесіне енгізілген маңызды өзгерістерге тоқталып, жаңа ережелер әділ салық салу жүйесін қалыптастыратынына сенім білдірді.



Жазира МЫНБАЕВА,
ҰМ Салық және кеден саясаты департаментінің бас сарапшысы:

ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІККЕ БАҒЫТТАЛҒАН РЕФОРМА

2025 жылғы 18 шілдеде Мемлекет басшысы жаңа Салық кодексіне және оған енгізілетін түзетулер туралы ілеспе заңға қол қойды. Бұл құжат салықтық әкімшілендіруді жеңілдетіп, бизнес пен азаматтарға түсетін жүктемені азайтуға бағытталған. Енді есептілік көлемі 30%-ға, салықтар саны 20%-ға қысқарады, ал салықтық жеңілдіктер мен алымдар онтайландырылады. Әкімшілендірудің жаңа тәсілдері енгізіліп, камералдық бақылау профилактикалық сипатта жүзеге асады, салық берешегін өндіріп алу рәсімі де жеңілдетіледі. Берешек сомасы аз болса, кәсіпкердің шотына бұғат қойылмайды. Қарызға қатысты хабарлама мен шаралар кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

Негізгі өзгерістерге тоқталсақ, қосылған құн салығының (ҚҚС) базалық мөлшерлемесі 16% болып белгіленіп, дәрі-дәрмек пен медициналық қызметтерге 2026 жылдан бастап 5%, 2027 жылдан бастап 10% мөлшерінде ҚҚС енгізіледі. Ұлттық басылымдар үшін салық 10%-ға төмендейді, ал кітап басып шығару, археология, ТМҚКК және МӘМС қызметтері ҚҚС-тан босатылады.

ҚҚС бойынша міндетті тіркеу шегі 40 млн теңгеге (10 мың АЕК) дейін төмендейді. Жеке табыс салығында да жаңалықтар бар: БЖЗК-дан төленетін зейнетақы салықтан босатылады, жылдық табысы 8 500 АЕК-тен асатын азаматтар мен 230 000 АЕК-тен жоғары дивиденд, кәсіпкерлік табыс иелеріне 15%-дық прогрессивті шкала енгізіледі. Мүгедектігі бар азаматтарға арналған әлеуметтік шегерім 882-ден 5 000 АЕК-ке дейін ұлғаяды, ал табысы 230 000 АЕК-тен асатын фермерлер үшін 70% жеңілдік сақтала отырып, салық мөлшері 4,5% болады.

Сондай-ақ 10 жылдан асқан көлікке салынатын салық төмендейді. Корпоративтік табыс салығының базалық мөлшерлемесі 20% болып сақталып, банктер мен ойын бизнесі үшін 25%, ал әлеуметтік саладағы ұйымдар үшін 2026 жылдан бастап 5%, 2027 жылдан 10% мөлшерінде бекітіледі. Ауыл шаруашылығы

өндірушілері үшін 3%-дық жеңілдетілген мөлшерлеме сақталады. Инвесторлар үшін биржалық бағалы қағаздардың дивидендінен түсетін кіріске салықтық жеңілдік беріледі, «Бәйтерек» холдингінің бағалы қағаздарынан түскен кіріс 2031 жылға дейін КТС-тен босатылады.

Геологиялық барлау мен пайдалы қазбаларды қайта өңдеуге де жеңілдіктер ұсынылып, жаңа жобалар үшін бес жылға 0% ПҚӨС мөлшерлемесі белгіленеді. Сонымен қатар сән-салтанат салығы енгізіліп, құны 75 млн теңгеден асатын көліктерге, 100 млн теңгеден жоғары ұшақ, яхта, қымбат алкоголь мен сиграғаға 10% акциз салынады. Жалпы, құны 450 млн теңгеден асатын жылжымайтын мүлікке де мүлік салығы өседі, ал мәсихаттар мұндай нысандардың бағалау құнын 50%-ға дейін арттыра алады.

Ядыкар ИБРАГИМОВ,
«Майлы дақылдарды қайта өңдеушілердің Ұлттық қауымдастығының» басқарма төрағасы:

БАҒА МЕН БӘСЕКЕГЕ ОҢ ЫҚПАЛ ЕТПЕК

Отандық май өңдеушілерді ең басты төлендірген мәселе — ҚҚС-тың 12 пайыздан 16 пайызға көтерілуі болды. Осы мәселе төңірегінде талқылаулар жүргізген кезде Ұлттық экономика министрлігі келіссөздерге ашық және үнемі байланыста болғанын атап өткім келеді. Сол себепті біз тікелей министрлікпен хат-хабар алысып, отандық май өндіруші зауыттардың ұсыныстары жан-жақты сараланған бірнеше жиын өткіздік. Онда осы саладағы кәсіп иелері мынадай пікірмен бөлісті: қазір отандық өңдеушілер, яғни май зауыттары 12 пайыздық ҚҚС мөлшерлемесіне 70 пайыз жеңілдікке ие. Сондықтан олар 12 пайыздың орнына 3,6 пайыз ҚҚС төлеп келді.

Қазіргі өзгерістерге байланысты өндірушілер жауапты министрлікке жаңа ережелерді енгізу барысында отандық май өндірушілерге арналған жеңілдіктерді қалдыру туралы ұсыныстарын жеткізді. Яғни, ҚҚС 16 пайыздық мөлшерлемеге көтерілген жағдайда отандық өндірушілер 70 пайыздық жеңілдік негізінде 4,8 пайыз ҚҚС төлейді. Сәйкесінше, министрлік біздің осы ұсынысымызды қабыл алды. Біз халықтың күнделікті өмірі мен әл-ауқатына елеулі әсер ететін, әлеуметтік маңызы бар тауар құнбағыс майын шығарамыз. Осыған байланысты бұл міндетті түрде екіжақты келісімді қажет ететін жағдай болды.

Бұл өзгерістер бізге не береді? Егер біз ішкі нарықты, нақтырақ айтқанда, құнбағыс майының ішкі нарықтағы сатуын қарастыратын болсақ, онда баға құрылымында бұрынғыдай 3,6%-ға емес, 4,8%-ға өсім болады деп айтуға болады. Яғни, тауардың құны 1,2%-ға қымбаттауы мүмкін. Бірақ импорттық тауарларға тоқталар болсақ, көршілес елдерден келетін өнімдердің бағасы толық 4%-ға өспек. Бір

сөзбен айтқанда, отандық май өнімдері 1,2 пайызға қымбаттаса, ресейлік импорттық өнімдердің құны толық 4%-ға өседі.

Осыған байланысты бұл жерде қазақстандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігі, әрине артады. Яғни, қарапайым тілмен айтқанда, егер біз бұл туралы ештенені салыстырмай-ақ айтсақ, мысалы, импорттық тауар, айталық, D енгізілсе, онда олар толық 16% D төлейді, ал отандық өндіруші үшін МДС мөлшері 4,8% D болады. Бұл қазақстандық мотоциклдердің импорттық әріптестермен салыстырғанда бәсекеге қабілетті болуына үлкен пайда әкеледі деп үміттенеміз.

Дана ТОКМУРЗИНА,
MNU Салық құқығы мектебінің жетекшісі:

ЖҮЙЕНІҢ ҚАРАПАЙЫМ БОЛҒАНЫ ТИІМДІ

Жаңа Салық кодексіндегі ҚҚС-қа қатысты өзгерістерді мен ең маңызды түзетулердің бірі деп санаймын, өйткені бұл жанашылдық бюджет кірісін арттырып қана қоймай, салық төлеушілердің санын да көбейтеді. Бұған дейін көп азамат қосылған құн салығын есептеуге қатыспаса, енді олар бұл бағытта білім алып, салықты дұрыс төлеуді үйренуге тиіс болады. ҚҚС — бұл тікелей емес, жанама салық, оны шын мәнінде тұтынушы төлейді.

Сонымен қатар «жеңілдетілген» режимдегі кәсіпкерлермен жұмыс істегенде шегерімдерге қойылатын шектеулер де айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Бірақ он жаңалықтар да бар. Мысалы, салықтық жүктемесі жоғары компанияларға енді кешенді салықтық тексеру жүргізілмейді, бұл меніңше, өте әділетті.

Ал банктерге салық жүктемесінің өсуі несие қунына әсер етіп, нәтижесінде бизнеске берілетін қаржы қымбаттауы мүмкін. Бұл өз кезегінде экономикалық тізбекті реакцияға себеп болуы ықтимал. Жеке тұлғалар үшін енгізіліп жатқан жеңілдіктерге келсек, бұл, әсіресе өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға, фермерлер мен шаруаларға арналған арнайы салық режимдерімен байланысты.

Бұл өзгерістер мемлекеттік бюджет үшін аса ірі емес, бірақ белгілі бір топтар үшін елеулі қолдау болмақ. Сондай-ақ табысқа салынатын прогрессивті шкала, көлік салығы мен салық шегерімдері де өзгеріске ұшырап отыр. Ал арнайы салық режимдерінің жетеуден үшеуге дейін қысқаруын мен жағымды жаңалық деп есептеймін. Тым көп режим болған жағдайда кәсіпкерлер қайсысын таңдау керек екенін білмей қиналады, ал бұл — салықтан қалтаруға жол ашатын фактор. Жүйе неғұрлым қарапайым болса, соғұрлым тиімді әрі салық төлеуші мен бақылаушы тарап үшін де қолайлы. Сондай-ақ енді кәсіпкердің шоты тек нақты берешек көлемінде ғана бұғаттала-латыны — орынды шешім. Бұған дейін кез келген мөлшердегі берешек үшін шот түгелдей бұғатталатын.

Дайындаған Кәмилә ЕРКІН

БАҒДАР

22 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ



ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚҚА
ЕРЕКШЕ КӨЗҚАРАС

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери-патриоттық тәрбие, әскери қызмет және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды. Бұл құжат Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары бастамашы болған және жастарды тәрбиелеу, азаматтарды әскери қызметке дайындау, қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты нығайту мәселелеріне арналған ауқымды әрі жүйелі жұмыстың нәтижесі болды.

Заң әскери-патриоттық тәрбиелеуге кешенді көзқарас қалыптастыруды көздейді. Енді бұл жұмысқа жекелеген оқу орындары мен қоғамдық ұйымдар ғана емес, барлық деңгейдегі мемлекеттік басқару органдары қатысады. Орталық және жергілікті атқарушы органдар үйлесімді әрекет етіп, біртұтас тәсілдер мен құралдарды қолданатын болады. Бұл мақсатта Үкімет пен әкімдіктер жанынан үйлестіру кеңестері құрылып, олар осы бағыттағы саясаттың жүзеге асуын қадағалау және түрлі ведомствоның әрекетіндегі келенсіздіктерді жоюмен айналысатын болады.

Заңда әскери дайындыққа ерекше назар аударылған. Алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушыларына қойылатын талаптар күшейтіледі. Енді олар әскери қызметтен өткен болуы шарт. Сондай-ақ оларға әскери киім киюге рұқсат беріліп, әскери оқу орындарында біліктілікті арттыру мүмкіндігі қарастырылған. АӘД (алғашқы әскери дайындық) кабинеттерінің материалдық-техникалық базасы жаңартылып, оқыту стандарттары бірыңғайланады.

Қосымша түрде әскерге дейінгі және тереңдетілген дайындық жүйесі енгізіледі. Оқушыларға «Жас Айбын» және «Жас Сарбаз» мәртебелері беріледі, бұл оларға әскери жоғары оқу орындарына түсу кезінде жеңілдіктер мен мерзімді әскери қызметтің орнына келісімшарт негізінде қызмет ету құқығын береді.

Әскери кафедраларды дамыту мәселесі де егжей-тегжейлі қарастырылған. Олар толыққанды әскери факультеттерге айналып, әскери-патриоттық тәрбие орталықтары бола алады. Әскери кафедра оқытушыларының мәртебесі нақтыланып, оларға

жоғары оқу орындарына берілген әскери техника мен қаруды сақтау және пайдалану тәртібін бақылау жүктеледі.

Маңызды жаңалықтардың бірі — мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге арналған әлеуметтік кепілдіктердің кеңейтілуі. Әскери борышын өтеп жүрген азаматтардың жұмыс орны, лауазымы және жалақысы сақталады. Студенттер оқудан шығарылмайды және олардың білім беру гранты жойылмайды. Сонымен қатар әскери немесе келісімшарттық қызметтен өткен жастар үшін грант бойынша міндетті өтеу алынып тасталды. Әскери қызметтен кейін жоғары оқу орындарына ақылы негізде түсетіндерге жеңілдіктер, ал техникалық және кәсіптік білімге квоталар қарастырылған.

Әскери қызмет өтілі 15 жылдан асқан әскери қызметшілердің балаларына әскери жоғары оқу орындарына түсу кезінде басымдық беріледі. Ал әскери өтілі 10 жылдан асқан, қызметтен босатылған әскери қызметшілерге педагогикалық қайта даярлаудан тегін өту мүмкіндігі ұсынылады. Бұл әскери қызметтен кейін жана мансап құруға мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды норма — баламалы дайындық мүмкіндігі. Азаматтар әскери жиындарға баруға мүмкіндігі болмаған жағдайда тұрғылықты жері бойынша ақылы курстар арқылы дайындықтан өте алады. Сонымен қатар әскерде азаматтық өмірде сұранысқа ие мамандықтар — мысалы, D және CE санатындағы жүргізушілер дайындалады. Әскери қызмет өтілі 12,5 жылдан асқан тұлғалар үшін (егер зейнеткерлік жасқа үш жылдан артық уақыт қалмаса) келісімшартпен қызметке қайта оралуға қойылатын жас шектеуі алынып

тасталды. Бұрын белгілі себептермен босатылғандар әскери қызметке екі жылдан кейін қайта оралуға мүмкіндік алады.

Әскери есепті жүргізу цифрлық форматқа көшіріледі. Яғни, мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы біріктіріліп, тіркеу рәсімі жеңілдетіледі. Шақыру қағаздары SMS және eGov порталы арқылы жіберіледі. Бұл есепке алу және хабарлау жүйесін ашық, уақыт жағынан тиімді етеді. Ал мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындау бойынша функциялар қайта бөлінді: енді тапсырыс беруді үйлестіру құзыреті Қорғаныс министрлігіне берілді.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, заң жобасы бастамашыларының бірі Юлия Кучинскаяның айтуынша, заң жобасында орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың құзыреті мен функциялары нақты белгіленген.

«Бұдан бөлек, әскери-патриоттық тәрбие қорғаныс саласындағы мемлекеттік реттеу шаралары жүйесіне енгізілді, ал Қорғаныс министрлігі білім беру ұйымдарындағы әскери дайындықты мониторингтен өткізу және талдау құзыретін алды. Қазақстан Республикасының азаматтарында патриотизм мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, білім беру жүйесінде және өзге де ұйымдарда әскери-патриоттық тәрбиенің біртұтас жүйесін қалыптастыру, әскери қызметкер мәртебесін арттыру және әскери қызметтің он бейнесін нығайту — қорғаныс саласының ақпараттық-идеологиялық қамтамасыз етудің ажырамас бөлігіне айналады», — деді депутат.

Жалпы, қабылданған заң әскери-патриоттық тәрбиені мемлекеттік саясаттың жүйелі бөлігіне айналдыруды, мектептерді, колледждер мен университеттерді қамтуды, сондай-ақ жастарға әскери қызметтен өту үшін түсінікті әрі тең мүмкіндіктер жасауды мақсат етеді. Құжат ашық және кәсіби түрде, сарапшылардың, салалық министрліктердің және азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен әзірленді.

«AMANAT» партиясының фракциясы азаматтардың, әсіресе жастардың мүддесіне сай келетін, қоғамдық бірлікті және ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған бастамаларды қолдауды жалғастыра береді.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ
ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРДІ

«AMANAT» партиясының Ақтөбе облыстық филиалы ғимаратында облыс әкімі Асхат Шахаров азаматтарды қабылдап, олардың мәселелерін тыңдады. Қабылдауға партияның облыстық филиалы төрағасының орынбасары Әсел Сарманова, облыстық мәслихат төрағасы Гүлқасима Сүйінтаева және басқарма басшылары қатысты.



Алдын ала қабылдауға 15 адам жазылып, олардың 11-і келіп, өзекті мәселелерін жеткізді. Кездесу барысында тұрғын үймен қамту, әлеуметтік қорғау, экологиялық жағдай және инфрақұрылым жайы сияқты маңызды сұрақтар талқыланды.

Өтініштер тек Ақтөбе қаласынан емес, сондай-ақ облыстың аудандарынан да келіп түсті. Мысалы, Ырғыз ауданының тұрғыны Б. Нысанбаев Амангелді ауылдық округіндегі жолдардың жағдайы мен экологиялық ахуалды көтерсе, шалқарлық кәсіпкер М. Көшетов тұрмыстық қалдық тасымалына арналған техника алуға қолдау сұрады. Ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп

отырған ата-аналар да әлеуметтік көмек мәселесін қозғады.

Облыс әкімі Асхат Шахаров халықпен тұрақты кері байланыстың маңызын атап өтті.

«Азаматтарды тыңдау, олардың мұң-мұқтажын түсініп, заң аясында шешу жолдарын табу — біздің басты міндетіміз. Біз тұрғындармен ашық диалогке дайынбыз», — деді облыс әкімі.

Қабылдау барысында айтылған барлық өтініш бақылауға алынды. Кейбір мәселелерді шешу уақытты қажет етеді, ал өзгелері тиісті органдардың қатысуымен жұмыс тәртібінде қаралады.

ЖАҢА МӘДЕНИЕТ
ҮЙІ АШЫЛДЫ

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында Жамбыл облысы Байзақ ауданына қарасты Мырзатай ауылдық округінде 120 орындық жаңа мәдениет үйі ашылды.



Салтанатты іс-шараға «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық саяси кеңесінің мүшесі, облыстық мәслихат депутаты Фарида Жүнісова, Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев, ауданның зиялы қауым өкілдері мен ауыл тұрғындары қатысты. Өңір басшысы өз сөзінде ауыл тұрғындарын жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, облыстағы мәдениет саласында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

«Тәуелсіздік жылдарынан бері ұлттың рухани имунитетін қалыптастыратын құндылықтарды дамытуға мемлекет тарапынан айрықша мән беріліп келеді. Қазір ауданда 40-қа жуық мәдениет орталығы жұмыс істейді. Әрбір мәдениет үйі — ұлт өнерінің көмбесі, рухани мұраның ордасы. Алдағы уақытта Ақжар, Ақшалак және Базарбай ауылдарында да мәдениет

осақтары салынады. Осылайша, ауданымыздың барлық елді мекендері 100 пайыз мәдениет нысандарымен қамтылатын болады», — деді аймақ басшысы.

Облыстық мәслихат депутаты Фарида Жүнісова өз сөзінде «AMANAT» партиясының мәдениет пен өнерді дамыту, ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыру бағытындағы жүйелі бастамаларын тілге тиек етіп, бұл нысан соның нақты нәтижесі екенін атап өтті.

«Бұл нысан ауыл тұрғындарының мәдени өмірін жаңғыртып, шығармашылық пен өнердің, бірлік пен ынтымақтың ордасына айналатын құтты мекен боларына сенімдіміз. Бұл — «AMANAT» партиясының халықпен бірге жасап жатқан нақты істерінің жарқын көрінісі. Ендігі мақсат — осы игілікті іске жан бітіріп, ауыл мәдениетін жаңа белеске көтеру», — деді ол.

АУРУХАНА ҚАЙТА ЖАҢҒЫРМАҚ

Парламент Сенатының депутаты, «AMANAT» партиясының мүшесі Руслан Рүстемов, партияның облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов жұмыс сапары барысында Жаңақорған аудандық көпбейінді орталық аурухана ғимаратына блок толықтыра отырып қайта жаңғырту жұмыстарын зерделеді.



Көпбейінді орталық аурухана ғимаратына блок толықтыра отырып қайта жаңғырту жұмыстары басталып қазір екінші қабатын көтеріліп жабу кезеңіне келді. 2025 жыл қазан-қараша айына құрылыс жобасы толық аяқталып, 1 қабатында МРТ және Ангиограф құрылғысы орнатылса, 2 қабатында 9 төсек орынды insultтті бөлімшесін орналастыру жоспарлануда. Қазір аурухананың құрал-жабдықтармен жабдыкталуы 90,0%-ды құрап отыр.

Депутат мердігер ұйым өкілдерімен, денсаулық сақтау мекемесінің басшылығымен және медицина қызметкерлерімен тілдесіп, жобаның іске асу барысын талқылады. Құрылыс қарқыны мен сапасына ерекше назар аударылды.

Сенатор өз сөзінде медициналық инфрақұрылымды жақсарту халықтың өмір сүру сапасын арттырудағы басты факторлардың бірі екенін атап өтіп, мемлекет тарапынан денсаулық сақтау саласына тұрақты қолдау көрсетілетінін жеткізді.

МІНБЕР

22 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ

(Басы 1-бетте)

— Құрметті Аида Ғалымқызы, ең алдымен сұхбатқа келіскеніңіз үшін алғысымызды білдіреміз. Бізде сізге қояр сауалдар аз емес. Алдымен кино саласына, оның ішінде аты аңызға айналған «Қазақфильмнің» қазіргі жай-күйіне тоқталсақ. «Қазақфильм дауы» қашанға дейін жалғаспақ?

— Расында, жасыратыны жоқ, қоғамда даңқты «Қазақфильмге» қатысты түрлі қауесет пен сыни пікір жиі айтылып жүр. Қоғамның аландаушылығын да, жанашыр көңілін де жақсы түсінеміз. Өйткені «Қазақфильм» — жай ғана киностудия емес, ол — қазақ киносынын алтын бесігі, ұлт руханиятының шежіресі. Дегенмен негізсіз айып тағып, мәселені сан-саққа жүгіртудің қажеті жоқ деп ойлаймын. Сондықтан бұл мәселеге нүкте қойылатын кез келді.

Біріншіден, тағы да қайталап айтайын, біз «Қазақфильмнің» бұрынғы даңқын қайта қалпына келтіріп қана қоймай, оның жанаша дамуына, тұрақты өркендеуіне тікелей мүдделіміз. Бұл — жай уәде емес, нақты қадамдармен жүзеге асып жатқан ұзақмерзімді стратегиялық жұмыс. Осы жолда бар күш-жігерімізді салып, ештеңеден тайынбай, аянбай еңбек ете береміз.

Сондықтан нақты қадамдар жасалып жатыр. Мәселен, біз заңға өзгеріс енгіздік. Заңнамалық деңгейде мемлекеттік кино-қаржыландырудың жалпы көлемінің кемінде 30%-ы жыл сайын «Қазақфильмге» бағытталатын тетік енгізілді. Бұл киностудияның жұмысын тұрақты әрі қаржылық тұрғыдан орнықты етуге мүмкіндік береді.

Аталған норманы іске асыру мақсатында биыл «Қазақфильмге» үш коммерциялық кино жобаны түсіруге 336 миллион теңге көлемінде қаражат бөлінуде. Қазір киностудия келіссөздер жүргізе бастады.

Бұл жерде ескерер дүние, мемлекеттен бөлінетін әр тиынның есебі, сұрауы бар. Сондықтан бұл қаражат сараптаудан өткен, лайықты деп танылған туындыларға ғана бөлінеді. Сондай-ақ кино түсіруге ниетті азаматтар өз жобасы мен қаржысының белгілі бір пайызын, мысалы, 50 пайызын алып келсе, «Қазақфильм» қалған қаражатты бөліп, бірлесіп жұмыс істейді. Бұл ретте мемлекет қаржысының қайтарымы болуы үшін прокаттағы табысқа екі тарап та мүдделі болады.

Сонымен қатар былтырдан бастап киностудия ұлттық фильмдерді шетелде насихаттау, кино күндерін өткізу, «Еуразия» халықаралық кинофестивалін ұйымдастыру бағытында белсенді жұмыс істей бастады. Бұл — ұлттық киноның халықаралық кеңістікке шығуы үшін жасалып жатқан маңызды қадамдар.

Тағы бір айта кетер жайт, 2024 жылы «Қазақфильм» соңғы жеті жылда алғаш рет өзін-өзі ақтайтын деңгейге жетті. Бұл — қаржылық тәртіптің орнағанын, басқару сапасының жақсарғанын, яғни шығармашылық пен менеджмент арасындағы тепе-теңдік орныға бастағанын білдіреді.

— Бірақ басшылыққа қатысты да түрлі пікір айтылып жүр ғой...

— Менеджмент мәселесіне аз-кем тоқталып өтейін. Бұған дейін кино саласының мамандарымен, сондай-ақ Асанәлі Әшімов ағамен бұл мәселені кеңірек талқыладық. Сол кезде біз «Қазақфильмді» актер де, режиссер де емес, кәсіби менеджер басқаруы керек деген ортақ ойға келдік. Расында, бізге нақты нәтиже қажет.

Сондықтан қазіргі басшыны қазақ тілін жетік білмейді деп кінәлап, атқарылып жатқан жұмыстарды жоққа шығару — орынсыз деп санаймын.

«Қазақфильм» киностудиясының басым бағыттарының бірі — киностудияны дамытуға жеке инвестиция тарту. Соңғы 15 жылда алғаш рет демеушілердің қолдауымен ішінара жөндеу жұмыстары басталды. Сонымен қатар Kinopark & Kinoplexх кинотеатрлар желісінің қаржысы есебінен «Қазақфильм» аумағында жазғы кинотеатр салу және ғимараттың 1000 шаршы метрін жөндеу жоспарланып отыр.

Біз әр азаматтың пікірін құрметтейміз. Бірақ біздің ұстанымымыз — «сын сын болсын, шын сын болсын». Кейбір азаматтар айтып жүргендей, ешкім «Қазақфильмнің



ТЫҢ ИДЕЯ МЕН АУЫЗБІРЛІКТІҢ

жерін сатып жібермек емес. Біз отандық фильмдердің әр жетістігіне шын қуанып, оны бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты түрде насихаттап келеміз.

Жалған жала, орынсыз байбалам мен негізсіз айыптаулар бізді ұшпаққа шығармайды. Керісінше, кино саласының өркендеуін ойласақ, бірлесе жұмыс істеуіміз қажет. Кино — ұлттық кодтың көркем бейнесі. Оны дамыту — тек мемлекеттің емес, бүкіл шығармашылық қауымдастықтың ортақ жауапкершілігі. Егер біз ұлттық киноны қолдаймыз десек, оның артында тұрған идея мен миссияны да бірге көтеруге тиіспіз.

Біз алғаш талдау жүргізген кезде киногерлердің басым бөлігі сапалы өнім шығаруға және оны насихаттауға мүдделі емес екенін айтқанымызда біраз адам ренжіді. Кей режиссерлер тіпті ашық қарсылық танытты.

Бізде қызық бір үрдіс бар. Жыл сайын ұлттық киноны қолдауға арналған питчингке қатысушылар саны өте көп. Бұл — бір жағынан жақсы. Демек, елімізде кино түсіруге ниетті жастар, шығармашылық идеясы бар азаматтар көбейіп келеді. Бұл — үміт пен сенімнің белгісі.

Алайда байқаудан өтпеген жағдайда наразылық танытып, іріктеу үдерісінің әділдігіне күмән келтіретіндер де бар. Тіпті, кейбіреулер «митингке шығамыз» дегенге дейін барады. Бұл — өкінішті жағдай. Өйткені мәдениет дау-дамайдың емес, тың идея мен ауызбірліктің аланы болуы керек.

Біз мәдени бәсекелестікті саяси алаңға айналдырмауымыз керек. Шығармашылық — сенім мен жауапкершілікке негізделуі керек.

Сонымен қатар айта кететін жайт — питчинг жүйесі қазір бұрынғыдай емес. Оның ашықтығы мен әділдігін арттыру мақсатында бірқатар жаңашыл қадам жасалып жатыр. Мәселен, сарапшылар құрамы жаңартылып, іріктеу критерийлері нақтыланды. Бұл — жүйенің жетілу жолындағы маңызды өзгерістердің бірі.

Бүгінде отандық кинематография даму кезеңін бастан өткіріп отыр. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2030 жылға қарай кинопрокаттағы ұлттық фильмдердің үлесін 35%-ға дейін жеткізу көзделген.

2024 жылы мемлекеттік қаржыландыру аясында 16 ұлттық фильм прокатқа шықты, ал биыл 6 фильм жарыққа шыкса, жылдың

соңына дейін тағы 10-ға жуық картина көрерменге жол тартпақ.

Сонымен бірге елімізде прокатқа шығатын отандық және шетелдік фильмдерге прокаттау күәлігін беру бойынша қолданыстағы заңнаманы күшейту жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы алғанда, бізге кәсіби мәдениет жетіспейді. Сын да, пікір де, ұсыныс та кәсіби деңгейде айтылуға тиіс. Егер біз халықаралық деңгейде мойындалатын кино жасағымыз келсе, ең алдымен, өз ішімізде әділеттілікке, тәртіпке және ортақ жауапкершілікке үйренуіміз керек. Женілесті де, жеңісті де мәдениетпен қабылдау — шығармашылық адамға тән қасиет.



Бізге жана толқын, жана мазмұн қажет. Ол үшін шынайы талантты жастарға жол ашу — біздің міндетіміз. Аға буын ренжімесін, бірақ бүгінгі жастар аз қаражатпен үлкен тақырыптарды игеріп, жана өзгерістерге жол ашып келеді. Бұл — ұлттың жана көркемдік айнасы.

Олардың еңбегі беделді халықаралық кинофестивальдерде жоғары бағаланып жүр. Демек, бізде әлеует бар. Ендігі мақсат — осы әлеуетті жүйелі түрде қолдап, оған жол ашу.

ӨНЕР ОРДАСЫ — ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ТУ ЕТЕТІН КИЕЛІ МЕКЕН

— «Қазақфильмді» жаңарту жұмыстары туралы айтып қалдыңыз. Қазір М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында

және Н.Сац атындағы Мемлекеттік академиялық орыс балалар мен жасөспірімдер театрында жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Құрылыс барысында бұл театрлардың тарихи келбетіне зиян тиіп кетпей ме?

— Әрине, біз тарихи ғимараттарға жасалатын жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарына аса мұқият қараймыз. Себебі бұл — жай ғана нысандар емес, халқымыздың рухани тарихының бір бөлшегі.

М.Әуезов театры 2026 жылы 100 жылдық мерейтойын атап өтпек. Осы айтулы дата қарсаңында 1981 жылдан бері пайдаланылып келе жатқан театр ғимаратында реконструкция жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жөндеу барысында тарихи келбетті сақтау — біздің басты талабымыз. Бұл бағытта арнайы мамандармен, реставраторлармен, сәулетшілермен бірлесе жұмыс атқарып келеміз. Тек сыртқы бейнесі емес, ішкі рухы мен атмосферасы да сақталуға тиіс деп есептейміз.

Аида БАЛАЕВА,
Мәдениет және ақпарат министрі:

МӘДЕНИЕТ ТЫҢ ИДЕЯ МЕН АУЫЗБІРЛІКТІҢ

Сонымен қатар ескі әрі тозығы жеткен сахналық жабдықтар жаңартылып, заманауи жарық және дыбыс жүйелері орнатылып жатыр.

Театр тақырыбы қозғалған соң бір маңызды мәселеге тоқтала кеткім келеді. Соңғы жылдары еліміздегі мәдениет ошақтары, оның ішінде театрлар өмірден өткен тұлғаларды шығарып салатын орынға айналып бара жатқандай әсер қалдырады. Бұл — ойланатын мәселе. Бұл пікірімді тарихы терең Жазушылар одағы да ескерді деп сенемін.

Бұрын Алматы қаласы әкімдігінде қызмет етіп жүрген кезімде он күннің ішінде бірнеше танымал тұлға өмірден

айынан бастап жүргізілуде. Жоба құрылыс-монтаждау жұмыстарын, материалдық-техникалық базаны толық жанартуды және жалпы ауданы 10 560 шаршы метр болатын жаңа кеңейтілген ғимаратты қамтиды. Онда 200 орындық камералық сахна, өндірістік цехтар, әкімшілік және қойма үй-жайлары орналасатын болады.

Сондай-ақ реконструкция барысында театр жабдықтарының 100%-ы жаңартылмақ. Атап айтқанда, сахна механикасы, акустика, дыбыс, жарық, бейне жүйелері түгел жаңартылады.

Жоба аясында театрдың тарихына арналған музей экспозициясы ашылмақ. Бұл — тарихи сабақтастықты сақтау мен жаңғыртудың жарқын үлгісі.

Мұндай жөндеу жұмыстары Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында да жүргізілуде. Атап айтсақ, театрдың кіреберісі реконструкцияланып, күнкағарлар, жылу перделері, сәндік

люстралар орнатылды. Бірінші қабаттың фойесінде мәрмәр еден қалпына келтірілді.

Сонымен қатар хор және оркестр залдары, гримдеу бөлмелері мен буфет аймағы да жаңартылып, заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілді.

— **Сөзіңді бөлейін. Сіз атап өткен Қазақ ұлттық опера және балет театрын бүгінде Айнуір Көпбасарова басқарып отыр. Оның қызметіне қатысты да арыс-шағымдар аз емес.**

— Сұрағыңыздың астарын түсіндім. Әлеуметтік желілерде айтылып жүрген «Көпбасарова менің құрбым, театры құрдымға кетіріп жатыр» деген сындар — негізсіз. Бұл жерде басты мәселе — кәсібилік пен нәтиже.

Иә, Айнуір Көпбасароваға қатысты шағымдар түскені рас. Саралап қарасақ, бізге түскен 14 шағымның 8-і оның қызметіне тікелей қатысты. Алайда олар негізінен театрдың штаттық билет тексерушілерінен келіп түскен. Бұл қызметкерлер тек іс-шаралар кезінде жұмыс істеген. Басқа театрларда мұндай мамандар маусымдық немесе келісімшарт негізінде ғана қызмет атқарады. Театр маусымы аяқталған соң бұл штат қажет болмай қалады. Сондықтан аталған өзгерістер театр құрылымының қайта жасакталуына байланысты қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізілді.

Былытырғы ақпан айында қызметке тағайындалған сәттен бастап ол шығармашылық жаңаруды, халықаралық ынтымақтастықты және материалдық-техникалық базаны жаңғыртуды үйлестіретін театрды дамытудың жана бағытын алға қойғанын ескеру қажет.

Басшы ретінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына демеуші тауып, театрдың жағдайы үшін жан сала жұмыс істеп жүргенін көріп отырыңыз. Оны жана айттым. Бұдан басқа, шығармашылық ізденістер, жана премьералар, шеберлік сабақтары жемісті ұйымдастырылуда.

— **Жалпы, бұдан бөлек мәдениет саласындағы кадр саясатына сын айтушылар көп. Бұған не дейсіз?**

— Қай мекемеге кім тағайындалса да, ең алдымен ол кәсіби жағынан толыққанды дайын, басқарушылық қабілеті жоғары, салаға жаны ашпатын тұлға болуы керек. Өйткені бірінші басшы — жай ғана іс-шара ұйымдастырып, есеп беріп отыратын адам емес. Ол — сол ұйымның бағытын айқындайтын, даму стратегиясын жасап, соны жүзеге асыратын негізгі жауапты тұлға.

Басшының функциясы тек мәдени жобалармен шектелмейді. Ол мекеменің жалпы тыныс-тіршілігіне, шығармашылық ұжымның жағдайына, тіпті ғимараттың техникалық жағдайына дейін толық жауап береді. Кадр саясаты, бюджет пен жоспарлау, жөндеу жұмыстары, материалдық-техникалық база — мұның бәрі сол басшының күнделікті назарында болуы керек.

Тек бірреттік мерекелік іс-шаралар емес, мазмұнды әрі тұрақты жобалармен жұмыс істейтін уақыт келді.

Жуырда министрлікке қарасты 71 ведомстволық ұйымның қызметкерлерін «Бірыңғай кадрлық ақпараттық жүйеге» қосу барысында саламыздағы мың жарымға жуық қызметкердің қатарынан бірнеше мекемеде жұмыс істеп, тіпті бес айлық мөлшерде ақы алатыны белгілі болды. Сонымен бірге ұйымдарда 1 200-ге жуық 90 жасқа дейінгі зейнеткердің түрлі лауазымдарды атқарып жүргені анықталды.

Бұдан басқа, өзге қалада немесе шетелде негізгі жұмыста істеп, біздің мекемелерге жұмысқа келмесе де, сырттай айлық алып отырған қызметкерлер де бар болып шықты. Біз мұны реттейміз.



МІНБЕР

22 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ

Біз былытрдан бері әр мекеме алдына нақты КРІ-лар қойып, сонымен мекеме қызметін бағалауды жүзеге асырып жатырмыз.

Әрине, біз зейнет жасындағы мәдениет қайраткерлерінің еңбегіне құрметпен қараймыз. Бірақ заң мен тәртіп бәріне ортақ. Ертең маған кей азаматтар ренжуі мүмкін. Дегенмен үлкен өзгерістердің жолы қашанда ауыр. Біз саланың дамуы үшін үлкен қадамдарға, кейде құрбандыққа баруға мәжбүрміз. Олай жасамасақ, бір белестен екінші белеске қалай өтеміз? Қарапайым ғана жұмыс таппай жүрген жастарға қашан жол ашамыз?

Кадрлық ротация мәселесі өте маңызды, өйткені кез келген мекеменің дамуына тың көзқарас пен басшылық тарапынан ұдайы қолдау қажет. Алайда бұл — жалғыз шешуші фактор емес. Біз мәдени мекемелерді 30-40 жыл басқарып, уақыт талабына сай дамытып отырған талай тұлғаны білеміз. Мәселен, Айман Қожабекқызы Қазақ ұлттық өнер университетінің қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосты. Бірақ соңғы жылдары университет жұмысы туралап, құлдырай түскенін көрдік.

Айман Қожабекқызы өкпелемесін, бірақ осы жылдар ішінде оқу орнының шатырынан су ағып, ғимаратының тоз-тозы шыққан.

Ал Ә.Кастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінің шатыры жаңартылып, экспозициялық залдары жөнделіп жатыр. Сонымен қатар музейдің салқындатқыш жүйесі — «чиллер» толықтай ауыстырылады. Бұл жұмыстар республикалық бюджеттен тыс, демеушілік қаражат есебінен атқарылуда.

Кастеев музейі туралы сөз қозғаған соң жақында болған жағдайға да қысқаша түсініктеме бере кетейін. Шілде айында музей EfesArt Space жобасымен бірлесіп, бірнеше маңызды көрме ұйымдастырды. Бұл серіктестік заманауи өнер мен әлеуметтік маңызды тақырыптарды қолдауға бағытталған.

«Әйел еңбегі» атты қайырымдылық көрмесінің ашылуы музей жұмысынан кейін алдын ала шақырылған, жасы 21-ден асқан қонақтардың қатысуымен өтті. Келісім бойынша музейде алкогольсіз сусындар ұсынылатын фуршет өткізуге рұқсат берілген. Алайда кейтеринг қызметін көрсеткен компания бұл талапты бұзып, құрамында алкоголь бар сусындарды да ұсынған. Осы оқиға бойынша жауапты тұлғалар анықталып, «Әфес Қазақстан» компаниясына әкімшілік хаттама толтырылып, айыппұл салынды. Музей басшылығына да ресми ескерту берілді. Алдағы



ДАУ-ДАМАЙДЫҢ ЕМЕС, АЛАҢЫ БОЛУЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен ғимарат жаңарып, жана оқу жылын жана орында бастағалы отырмыз.

Университетке қарасты басқа да ғимараттардың жағдайы өте күрделі. Президент тапсырмасымен енді біз қолледжі де жаңарту мақсат етіп отырмыз.

Сондай-ақ Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетіне тиесілі өнер лагері 2011 жылдан бері жұмыс істемей келген. Оны қайта жандандыру қажет.

Ал дарынды балалардың сапалы білім алуы және жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында университет жанындағы мамандандырылған мектеп-интернаттың жана ғимаратын салу жобасы әзірленуде.

Жоба мемлекеттік-жекешелік әріптестік тегігі арқылы іске аспак. Қазір жеке инвестормен ынтымақтастық туралы меморандум жобасы пысықталуда.

Жеке инвестор жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуді және оның шығындарын өз қаражаты есебінен қаржыландыруға дайын екенін білдірді.

Бұл — болашақ өнерпаздарға жасалып жатқан инвестиция ғана емес, таланттарды

уақытта мұндай жағдайлардың алдын алу үшін бақылау күшейтіледі.

Кез келген өркениетті елдің рухани бейнесі — оның мәдени мекемелерінің жағдайынан көрінеді. Егер біз өз тарихымызды құрметтесек, өнерге деген құрметімізді нақты іспен көрсетуіміз керек.

— Осы жерде тағы бір сұрақ туындайды. Мәдени нысандарды жөндеп жатырмыз ғой, ал оның ішкі мазмұны қалай болады? Мысалы, кітапханаға келетін оқырмандарға кітаптар қаншалықты қолжетімді? Біз қазіргі оқырман сұранысын қанағаттандыра алып отырмыз ба?

— Өте орынды сұрақ. Шын мәнінде, мәдени инфрақұрылымды жаңғырту — тек қабырғаны жөндеу емес, ең алдымен оның ішкі мазмұнын жаңарту. Қазіргі заманның оқырманы, көрермені, тыңдарманы мүлде басқа. Олар жылдам ақпарат алады, цифрлық кеңістікте өмір сүреді. Сондықтан біз мәдени мекемелердің мазмұнын да сол үдерістерге сай бейімдеуіміз керек.

Кітапханаларға келсек, соңғы жылдары бұл салада бірқатар өзгеріс жүзеге асырылып жатыр. Жай ғана кітап сақтау орны емес, интеллектуалды орталыққа айналу жолында

Алайда қазіргі әдебиетте қазіргі заман адамының көркем бейнесі, Қазақстанның жана мыңжылдықтағы келбеті, жаһандану кезеңіндегі ұлттық болмыс, ғылым мен технология тақырыптары әлі де жеткілікті қамтылмай отыр.

Бүгінде жана жанрларды дамыту аса маңызды. Қазіргі балалар мен жасөспірімдер комикс, фэнтези, детектив, фантастика жанрларына қызығушылық танытады. Бұл — олардың әдебиетке бастар алғашқы жолы. Сондықтан осы бағыттағы кітаптарды көбірек шығарып, қорларды жаңарту, заманауи авторларды қолдау — күн тәртібіндегі маңызды міндет.

Ел Президенті «кітап оқитын ұлт» бастамасын көтеріп, қоғамда кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға шақырды.

Ал енді кітапханаларға барсаңыз, заман келбетін, дәуір шыңдығын ашатын дүние таба алмайсыз. Бұл, әрине, заманауи әдебиеттің, шығармашылықтың мәселесі деп жылы жаба салуға болады. Бірақ мәселе тек онда емес. Бізде оқырманның лайықты бағасын күтіп тұрған туындылар баршылық. Оған жылда Президент қолдауымен өткізіп жүрген әдеби байқаулар куә. Қазір бізде осы бағытқа ең көп назар аударылып келеді. Ән-күй, көркем-сурет немесе басқа емес, әдебиет саласындағы байқаулар көп. Бұл нені білдіреді? Әлбетте, мемлекеттің мүдделігін. Ал бұл мүдде қайдан шықты?

Біз өткен жылдары егемен тарихымызда алғаш рет республикамыздағы бүкіл кітапхана қорына тиянақты талдау жүргіздік. Нәтижесінде, түйген түйініміз — елде бар кітаптың саны көп, бірақ саласы жұптан. Айналырған төрт-бес автордың бір тақырыптағы кітаптары бірнеше мәрте өзгертіліп қайта-қайта басыла берген.

араласса екен деген тілегіміз бар. Мемлекеттік қолдауды қанша ардақты-сыйлы болса да тек жеке-дара ағаларымыз емес, тұтас ұлттық әдебиетіміз көрсек екен деген ниет. Балаларға кітапты күштеп оқыту емес, қызықтыра отырып үйрету қажет. Олар әдебиетке жана формалар арқылы ғашық болуы мүмкін. Демек, біз әдебиет пен мәдениетте мұраны сақтай отырып, болашақты қалыптастыру миссиясын қатар алып жүруіміз керек.

Айта кетейік, тәуелсіздік жылдарынан бері мемлекет тапсырысы бойынша жыл сайын қаламгерлердің кітаптары басылып, еліміздің барлық өңіріндегі кітапханаларға жеткізіліп келеді. Мәселен, 2017–2024 жылдар аралығында мемлекеттік тапсырыспен 1 487 кітап, жалпы таралымы 4 млн 911 мың дана басылып шықты. Сонымен қатар авторларға қаламақы төлеу жүйесі де жолға қойылған.

Мерейтой иелерінің еңбектерін Үкімет қаулысына сәйкес басып шығаруды құптаймыз. Алдағы жылдары идеологиялық маңызы зор көптомдықтар, ғылыми, танымдық, салалық әдебиеттерге басымдық беріледі деп есептейміз.

Қоғамдық көлікте, кітапханада, әлеуметтік желіде кітап оқып отырған жастарды жиі көреміз Демек, оқу мәдениетін дамыту, авторларды қолдау — басты міндеттердің бірі болуы тиіс.

Бұл бағытта Ұлттық кітап күні мерекесін атап өту, «Абай» атындағы әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлық, «Айбоз» ұлттық әдеби байқауы, Президентік арнаулы әдеби сыйлық, «Дарын» жастар сыйлығы, «Әдебиет пен журналистика саласындағы үздік жұмыстар үшін» марапаттары, үздік баспа мен кітаптарды қолдау жобалары жүзеге асырылуда.

Мәдениет цифрланбаса – ол тұйықталады. Қазіргі ұрпақ ақпаратты визуалды, интерактивті түрде қабылдайды. Демек, егер біз жастарды ұлттық мәдениетке тартқымыз келсе, оны солардың тілімен, цифрлық ортада сөйлетуіміз керек. Бұған қоса, цифрландыру – мұраны сақтау кепілі. Қағаз құжат пен қолжазба тозады, бірақ цифрлық нұсқа мәңгі сақталады әрі әлемнің кез келген жерінен қолжетімді болады.

Мысалы, кітапхана қорларында кітап аталымы тұрғысынан белгілі классик жазушымыздың 1 174 кітабы 26 804 данада болса, кітап тиражы тұрғысында ортанқол бір автордың 1 012 кітабы 34 746 данасымен көш бастап тұр.

— Атын атап, түсін түстегіңіз келмей ме? — Жок. Өйткені авторға да, оның туындысына да сұрақ жоқ. Мәселе басқада. Менің айтпағым — бұл жекелеген біреттік факт емес, жүйелі, стратегиялық тұрғыда шешетін мәселе. Мемлекеттің кітап басуға жұмсалатын қаражатын тиімді пайдалану. Тақырып жаңғырту. Жазушыларды қолдау. Әрине, бұл айтуға оңай сияқты. Бірақ біз бұл жұмысты қалай ұйымдастыру керегін білеміз. Қазірдің өзінде Президент Әкімшілігінің тапсырмасына сәйкес, 2025 жылы басылып шығатын әдебиеттер қатарындағы заманауи көркем, публицистикалық (non-fiction) және ғылыми-көпшілік, сондай-ақ министрлік бастамасымен аударма мен балалар және жасөспірімдерге арналған әдебиеттер үлесін 80%-ға көтердік.

Сондықтан да осы бағыттағы жұмыстарды әдеби орта терен түсініп, оған белсене

Осының бәрі — сапалы контент қалыптастыруға бағытталған нақты қадамдар. Сондықтан да кітапханаларымыз біздің идеологиялық және интеллектуалдық ұстанымымыздың айнасы болуға тиіс.

ЦИФРЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ — ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ КАУІПСІЗДІКТІҢ ДЕ КЕПІЛІ

— Цифрландыру мәселесі мәдениет саласында қалай жүріп жатыр? Әлем жана технологияларға негізделген мәдени өнімдер жасап, виртуалды музейлер мен жасанды интеллект көмегімен мұрағаттарды жандандырса, біз әлі күнге дейін қағаз құжат пен қолмен есепке алуға тәуелдіміз. Неге мәдениет саласының цифрлық инфрақұрылымы әлі де әлсіз? Жаһандық цифрлық бәсекеге төтеп бере аламыз ба?

— Мойындау керек, мәдени саладағы цифрландыру ісі әлі де жетілдіруді қажет етеді. Цифрландыру — мәдениет саласының болашағын айқындайтын басты бағыттардың бірі. Бұл тек есеп жүйесін жаңарту емес, бұл — ұлттық мұраны сақтап, оны әлемдік

айналымға шығарудың, келер ұрпаққа жеткізудің заманауи жолы.

Қазір әлем елдері виртуалды шындық, жасанды интеллект, big data, 3D сканерлеу, цифрлық архивтер, NFT өнері сияқты технологияларды мәдениет саласына кеңінен енгізіп отыр. Мысалы, Google Arts & Culture жобасы аясында әлемнің жетекші музейлері онлайн платформаға жүктеліп, 4K сапада ұсынылып отыр. Бұл — өнер мен мәдениетке шекарасыз қолжетімділік деген сөз.

Ал бізде бұл үдеріс енді-енді жүйелене бастады. Биыл Қазақстан музейлерінің бірінғай виртуалды алаңы — E-museum веб-порталы іске қосылмақ. Бұл платформа арқылы әлемнің кез келген нүктесіндегі қолданушылар еліміздің мәдени мұрасын 3D үлгілер мен интерактивті форматта көруге мүмкіндік алады. Жоба аясында көрнекі цифрлық технологиялар қолданылып, еліміздегі мемлекеттік музей қорын электронды форматта үздіксіз жүргізуге жағдай жасалады.

Соңғы жылдары мәдениет объектілерін цифрлық форматқа көшіру, автоматтандырылған жүйелерді енгізу бағытында нақты қадамдар жасалып жатыр.

Қазір «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени музей-қорығының қорғауындағы «Айша бибі кесенесі» ескерткішінде электрондық билет жүйесін енгізу жұмыстары қолға алынды. Жүйе бейнекамермен, турникетпен жабдықталып, объектке кіру face id немесе IDcard арқылы жүргізілетін болады.

Мысалға айтатын болсақ, «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени музей-қорығының коммерциялық табысы 2025 жылғы қантар-ақпан айларындағы табысы айына 1 млн теңгені құраса, осы жылдың мамыр-маусымдағы табысы айына 4,3 млн теңгеге жетті. Бұл жерден табыстың осу динамикасын ескеріп, қазіргі кезеңде «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының объектілеріне, «Отырар» музей-қорығының «Отырар қалашығы», «Арystан баба кесенесі» объектілеріне, «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени музей-қорығының «Қарахан кесенесі» объектісіне жоғарыда аталған автоматтандырылған жүйені енгізу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Осы орайда бұл үдерісті кезегімен барлық тарихи-мәдени мұра объектілерінде енгізу қолға алынбақ.

Бір қарағанда қарапайым дүние секілді көрінгенмен, бұған дейін бұл үдерістердің ешбірі кешенді түрде жүйеленбегенін ескерген жөн. Біз енді-енді мәдениет саласын цифрландырудың институционалдық негізін қалыптастырып жатырмыз.

Мәдениет цифрланбаса — ол тұйықталады. Қазіргі ұрпақ ақпаратты визуалды, интерактивті түрде қабылдайды. Демек, егер біз жастарды ұлттық мәдениетке тартқымыз келсе, оны солардың тілімен, цифрлық ортада сөйлетуіміз керек. Бұған қоса, цифрландыру — мұраны сақтау кепілі. Қағаз құжат пен қолжазба тозады, бірақ цифрлық нұсқа мәңгі сақталады әрі әлемнің кез келген жерінен қолжетімді болады.

Сондықтан біздің басты міндет — мәдениетті цифрландыруды жекелеген жобалармен емес, ұлттық деңгейдегі бағдарлама ретінде қарастыру. Бұл — мұрағат, музей, кітапхана, театр, кино, музыка, колөнер, гастрольдік жүйе, авторлық құқық сынды бағыттардың бәрін қамтитын біртұтас платформа болуы тиіс. Тек сонда ғана біз жаһандық цифрлық бәсекеде өз орнымызды сақтай аламыз.

Жалпы, цифрландыру — мәдениеттің жай-күйін тек ішкі емес, халықаралық интеграцияға да бейімдеу деген сөз. Біз жаһандық мәдени простерестегі цифрлық форматта араласпасақ, шетелдер біздің мұрамызбен жақын таныса алмайды. Сол үшін цифрлық инфрақұрылым — ұлттық мәдени қауіпсіздіктің де кепілі.

— Өңірімізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Амангелді ҚҰРМЕТ



тәрбиелеудің іргетасы. Біз дарынды балалар үшін сапалы білім мен өмірге бейім орта жасауымыз керек. Өйткені ұлттық өнер өзінен-өзі тұмайды, ол тәрбие мен жүйелі қолдаудың нәтижесінде ғана қалыптасады.

Тағы да айта кетерлігі, бас қаланың қақ ортасында орналасқан Ұлттық академиялық кітапхана бұған дейін орталық қалалық жылу жүйесіне қосылмаған екен. Биыл қалалық әкімдіктің қолдауымен сыртқы жылу желілерін салу және қазандықты қайта құру жұмыстары аяқталды. Қазір кітапхана ғимараты қалалық құбырға қосылды.

БАЛАЛАРҒА КІТАПТЫ ҚЫЗЫҚТЫРА ОТЫРЫП ҮЙРЕТУ ҚАЖЕТ

— Ал музейлерімізді жай-күйі қалай? — Жалпы, мәдени нысандарды жаңарту, қалпына келтіру, заманға сай қайта бейімдеу жұмыстары Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен жүзеге асып жатыр. Президенттің өнер саласын қолдауға қатысты үндеуіне кәсіпкерлер, демушілер қолдау білдіріп, атсалысуда. Оның ішінде музейлерімізде де осы ерекше.

Мәселен, Орталық мемлекеттік музейдің желдету жүйесін жөндеу мақсатында «Болат Өтеұратов» қорымен келіссөздер жүргізіліп жатыр. Осы орайда мәдениет ұйымдарының жұмысына демеушілік көрсетіп жүрген Samruk-Kazyna Trust корпоративтік қорына, Senim Qogatu қорына және басқа да отандық кәсіпкерлерге алғысымды білдіремін.

НАРЫҚ

22 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚАТЫНАСТАРЫ МЕН
ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАСЫНДА
ТАҒЫ ДА РЕФОРМА. ОСЫҒАН
ОРАЙ ЕЛ ПАРЛАМЕНТІ
ДЕПУТАТТАР БАСТАМАШЫ
БОЛҒАН 3 ЗАҢ ЖОБАСЫНАН
ТҰРАТЫН ЗАҢНАМАЛЫҚ
ТОПТАМАНЫ ҚҰПТАДЫ.
ҚАЛАУЛЫЛАР БҒҒАН АМАЛСЫЗ
БАРЫП ОТЫР, СЕБЕБІ ҚАЛАЛАРДА
ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНДЕРІН
БАСҚАРУҒА ҚАТЫСТЫ ҰЗАҚ
ЖЫЛҒЫ ДАУ БІТЕР ЕМЕС. ЖАҢА
РЕФОРМА АЯСЫНДА
РЕСПУБЛИКАДА КӨППАТЕРЛІ
ҮЙЛЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ЕКІ
НЫСАНЫ ҒАНА ҚАЛАДЫ. САЛАДА
ТАҒЫ НЕ ӨЗГЕРМЕК?



БАСҚАРУ СОҢЫ ЖАҚСАРУ БОЛА МА?

Айхан ШӘРІП

«ТАСТАНДЫ» ҮЙЛЕР
ПАЙДА БОЛАДЫ

Заңға жүйрік азаматтар үшін құнды дерек. Парламент өткен сессияда, каникул қарсаңында қабылдаған заңнамалық пакетке келесі 3 заң кіреді: «Кейбір заңнамалық актілерге тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік және экспорттық-кредиттік агенттіктің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы, «Салық және бюджетке төленетін баска да міндетті төлемдер туралы» кодексіне (Салық кодексі) және оны қолданысқа енгізу мәселелері бойынша ҚР заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңын, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы.

15 шілде күні оның бәріне Президент қол қойды. Айта кету керек, 2023 жылғы сәуірде, Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысының өзі мүлік иелері бірлестігі реформасының кемшіліктерін атап өтіп, көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару жүйесін ретке келтіруді тапсырған болатын. Жіберілген қателіктер мен қазіргі нақты ахуалды ескеріп, депутаттық корпусқа кондоминиумдарды басқарудың құқықтық негізін қайта қарауды жүктелді.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің түсіндіруінше, депутаттар бастамашы болған заңнамалық топтамаға сәйкес, қалалықтар өз үйін кім және қалай басқаратыны туралы шешім қабылдағанда негізгі екі нұсқаның бірін тандауға тиіс болады: бұлар — мүлік иелерінің бірлестігі (МИБ/ОСИ) және тікелей бірлескен басқару (ТББ, бұрынғы жай серіктестіктерге ұқсас, бірақ пәтерлер саны шектеусіз).

Министрлік қазіргі жай серіктестіктердің (ЖС) жойылмайтынын, олар тек бірлескен басқару тұжырымдамасына

біріктірілетінін айтты. Ал депутаттар жойылады деп отыр. Өйткені біріктіру де жойылудың бір сипаты. Әрі жаңа заңда ЖС ұғымы жоқ. Бұдан бөлек, басқару субъектілерінің 3 түрі қолданылады: басқарушы компания, кәсіби басқарушы, пәтер иелерінің кооперативі.

— Пәтер иелері басқару процесін қалай ұйымдастыру керектігін өзі еркін тандай алады. Біріншісі — тәуелсіз басқару, онда МИБ меншік иелері арасынан төрағаны сайлайды, ол жұмысты ұйымдастырады, қызметкерлерді жалдайды және ғимараттың жағдайына жауап береді. МИБ төрағасының өкілеттік мерзімі қазіргі 1 жылдан жаңа заңға сай 3 жылға дейін ұлғайды. Екіншісі — кәсіби басқару. Бұл жағдайда МИБ кәсіби менеджермен келісімге отырады, ал төраға тек бақылау функцияларын орындайды. Үшіншісі — басқаруды аутсорсингке беру. Мұндайда МИБ тек қадағалау өкілеттіктерін сақтап, барлық мәселені басқарушы компанияға жүктей алады, — деді министрлік мамандары.

Ведомствонң мәліметі бойынша, осы нысандардың бірін тандау үшін тұрғындар бас қосып, жиналыс ұйымдастырмаса, не ұзақ шешімге келе алмаса, үй автоматты түрде «тастанды» (орысша нұсқасында — бесхозный) болып есептеледі және әкімдік өзі қалаған компанияны сол көпқабатты үйдің уақытша басқарушысы ретінде тағайындай алады.

Айтпақшы, алдыңғы реформа аясында ПИК-КСК жойылғаны мәлім. Алайда реформа аяғына жеткізілмей, олар жұмысын жалғастырды. Жаңа реформаға сәйкес, Құрылыс министрлігінің түсініктемесіне жүгінесек, енді пәтер иелері кооперативтері басқарудың дербес түріне жатпайды. Өйткенмен ары қарай қала береді.

— ПИК-тер бұдан былай шаруашылық жүргізудің дербес нысаны болмайды. Олар аумақты тазалау, лифтілерді пайдалану

сияқты ортақ мәселелерді ыңғайлы басқару үшін бірнеше үйді біріктіретін бизнес құрылым ретінде қарастырылады. Сонымен қатар барлық ПИК міндетті түрде қайта тіркеуден өтіп, жаңа жарғы алып, коммерциялық емес ұйым аясында қатан түрде жұмыс істеуге тиіс. Мұндай кооперативтердің кірістерін мүшелер арасында бөлуге болмайды, түскен түсім экономикалық қажеттіліктерге және жалақыға жұмсалуды керек, — деді министрлік өкілдері.

ПИК-ТІҢ «ЖАҢА ӨМІРІ» БАСТАЛДЫ

Сенаттың Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы Серік Шайдаровтың түсіндіруінше, бұл заңның негізгі нормасы дәл осы ПИК-тер қызметін реттеуге бағытталды.

— 2019 жылдың соңында пәтер иелері кооперативтерін басқару нысаны ретінде жою туралы шешім қабылданып, өтпелі кезең белгіленген болатын. Алайда бұл реформа күтілген оң нәтиже бермеді. Соның салдарынан бүгінде ПИК-тер заң жүзінде мәртебесі бекітілмеген күйде жұмысын жалғастырды. Жаңа заңда тұрғын үй қорын басқару және қызмет көрсету бойынша бірыңғай стандарт енгізу қарастырылған. Осыған байланысты заң тек екі басқару нысанын қалдыруды көздейді. Ол — МИБ пен ТББ, — деді Серік Жаманқұлы.

Ол алты жыл бұрынғы реформа аясында енгізілген және 36-дан кем пәтері бар көпқабатты үйлерді басқаруға арналған «жай серіктестік» (ЖС) түріндегі басқару нысаны алып тасталатынын жеткізді. Республикада 7 мыңнан астам МИБ құрылған. Олар енді штат жаппай, үйді дербес басқаруға немесе басқарушы субъектіні жалдауға құқылы. Қазақстанда 2 мыңнан

астам ПИК құрылған. Республиканың тұрғын үй қорында 56 мыңнан астам көп пәтерлі тұрғын үй тіркелген. Оның үштен бір бөлігі қатты көнерді, күрделі жөндеуді қажет етеді. Апатты жағдайдағысы — 791 үй. Мұның бәрі тұрғын үй қоры сапасына ерекше назар қажет екенін паш етеді.

«Ал тікелей бірлесіп басқаруға (ТББ) келсек, тұрғын үйдегі жалпы пәтер саны 36-дан аз болса, онда тұрғындар «занды тұлға» құрмай-ақ, өз үйін өздері басқара алады. Осы мақсатта басқарушы субъектіні, мысалы, ПИК-ті тартуға құқылы. Сондай-ақ шағын үйлерде банкте есепшот ашып, ортақ ақшаны сонда сақтау міндетті емес. ТББ нысанында егер пәтер саны 36-дан асып кетсе, онда жиналыс хаттамасына сәйкес кондоминиум нысаны басқарушы субъектілердің бірімен шарт жасасуға міндетті», — деді сенатор.

Оныңайтуынша, қазіргі ПИК-тер қайта тіркеуден өткен соң қандай да бір үйді басқаратын субъект ретінде жұмысын жалғастыра алады. Бірақ тұрғындар мүлік иелерінің бірлестігі шешімімен немесе тікелей бірлесіп басқару жиналысының

хаттамасына сәйкес, ол ПИК-пен шарт жасасуы қажет. Сондай-ақ бір ПИК басқа үйлерді де басқара алады.

ПИК-тер бұрынғыдай бір тұрғын үйге байланбайды. Нақты бір үйді меншіктей алмайды. Бұған дейін жаңа ПИК пен ескі ПИК басшылары арасында шайқастайталаз жүретін, ескі басшы құжаттарды табыстамай, қашатын. Енді ПИК — әр тұрғын үйге жалданып, қызметтерін ұсынатын бизнес нысаны ғана. Ол басқарушы компаниялармен қатар басқару субъектісі ретінде жұмыс істейді.

Тек салық жеңілдігін пайдалану үшін депутаттар оларға коммерциялық емес ұйым мәртебесін берді. Жалдау мерзімі аяқталса не мерзімінен бұрын бұзылса, кетуге тиіс. Жаңа заң бойынша ПИК тұрғындар төлемінің ашық әрі мақсатты жұмсалуды қамтамасыз ету үшін әрбір тұрғын үйге жеке есепшот ашуға міндетті.

Сенат «тастанды» үйлерге қатысты түсініктеме берді: егер пәтер иелері өз МИБ-ін құрмаса немесе басқарушы субъектіні тандай алмаса, онда жергілікті әкімдіктің тұрғын үй инспекциясы ол үйге уақытша басқарушы компанияны тағайындайды. Занда мұндай компанияның мерзімсіз тағайындау мүмкіндігі көзделген, яғни тұрғындар наразы болмаса, әкімдік таңдаған уақытша басқарушы компания жылдар бойы басқара алады. Уақытша басқарушы компания қызметін жүзеге асырып жатқанда тұрғындар шарт мерзімінің аяқталуын күтпестен, кез келген уақытта өзін-өзі басқаруға көшу туралы шешім қабылдай алады.

ӘР ТҰРҒЫННЫҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ ЕМЕС

Заңның тағы бір жаңалығы — бұдан былай МИБ төрағасы немесе басқарушы тарифтерді көтеру, жөндеу жүргізу және

басқа шешім қабылдау үшін пәтер иелерінің үштен екісінің келісімін алуға мәжбүрленбейді. Жиналысқа қатысып, дауыс бергендердің 51%-ының қолдауын алса жеткілікті болмақ. Депутаттар бұған шешім қабылдау рәсімін жеңілдету үшін барғанын нұсқады.

Мұның сыртында бұдан былай тұрғындарды жиналысқа жинау да қажет болмайды. Тіпті, тұрғын үй чатында сұрау салса да жеткілікті көрінеді. Парламенттің дерегінше, жаңа заңмен «жиналысты тікелей өткізбей, электронды дауыс беру немесе жазбаша сауалнама жүргізу мүмкіндігі енгізілді».

Сондай-ақ аты бар, заты мен құзыры жоқ тұрғын үй инспекциялары енді пәрменді мекемеге айналуға тиіс: заңнамалық топтама оның функцияларын күрт кеңейтті. Жоғарыдай атап өтілгендей, олар «иесіз үйлерге» қалаған басқарушы компания мен тұлғаны тағайындай алады. Қала аумағындағы көпқабатты үйлердің инженерлік желілері мен жабдықтарын жылыту маусымына дайындау шараларына бақылау жүргізеді. Лифтілер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған көтергіштердің жай-күйін, өртке қарсы жүйелердің жұмысын бақылауға міндетті. Сондай-ақ қаладағы кондоминиум нысандарының басқару формалары мен басқарушы субъектілердің реестрін жүргізіп, олардың тізбесін әкімдіктің интернет-ресурстарында жариялайды.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Юлия Кучинскаяның пайымдауынша, тұрғын үй қатынастары мен ТКШ мәселелеріне арналған, бұл — заңнамалық топтама өзекті әрі маңызды. Себебі Қазақстан қарқынды урбанизацияны бастан өткіріп жатыр, осы онжылдықта ауыл халқының саны қалалықтармен салыстырғанда екі есебей азайып, шаһар тұрғындарының үлесі ары қарай артады деп болжанған. Жыл сайын елімізде жиырма миллионға дейін (2024 жылы — 18,9 млн) шаршы метр баспана беріледі. Көбісі — қалада.

— Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сай, қазірдің өзінде Қазақстан азаматтарының 40%-дан астамы көпқабатты үйде тұрады. Бұл үлес тек арта береді. Әлеуметтік сауалнамалар қорытындысы көрсеткендей, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық проблемалары мен коммуналдық қызметтердің тарифтері халықты алаңдататын мәселелердің «ондығынан» тұрақты орын алып келеді. Ал мына заңның басты міндеті — көппәтерлі үйлердің меншік иелерінің құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету, — деді «аманаттық» депутат.

Сондай-ақ заңнамалық түзетулер тұрғын үй қорын лайықты жағдайда ұстап тұруға бағытталған екен. Заң топтамасы бойынша пәтер иелері кез келген уақытта өзі қалаған басқару нысанын, басқару субъектісін және сервистік қызмет көрсетуші ұйымды тандау құқығына ие болады. Бұл құқықты қалалықтар қалай пайдаланады, заңдарды қолдану барысында қандай олқылықтар туындайды, заңнамалық түзетулер тиісті дәрежеде орындала ма әлде қайтадан реформа жүргізу қажет бола ма, оны енді өмір мен тәжірибе көрсетеді.



Қазақстанда ішімдік ішу ауқымы азайып келеді. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, 2025 жылғы төрт айда, 2024 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда, арақ және ликер өнімдерін тұтыну 25 миллион литрден 24,4 миллионға дейін немесе -2,1%-ға төмендеді. Шарап ішу 11,9-дан 9,5 миллион литрге дейін күрт кеміді. -19,6%-ға аз ішілген. Бұл мемлекет жүргізіп жатқан алкоголизммен күрес шарасының нәтиже бере бастағанын да куәландырса керек.

Сарапшылар бұл күрестің барлық майданда қатар жүріп жатқанына ерекше мән беріп отыр. Мысалы, баға шебінде «соққы» берілген. Ресми статистика бойынша құрамында спиртті бар ішімдіктер 2019 жылдан тоқтаусыз қымбаттап келеді. Оның бағасын мемлекет акциз алымын үнемі көтеру арқылы реттейді. Нәтижесінде, алкоголь өнімдерінің құны 2019 жылы — 108,6%, 2020 жылы — 107%, 2021 жылы — 107,8%, 2022 жылы — 114,8%, 2023 жылы — 117,3%, 2024 жылы — 110,1%, 2025 жылы 109,9%-ға көтерілді. Сөйтіп, Үкімет спирт-

ті ішімдіктерді елге барынша қолжетімсіз етіп, алшақтатуға күш салып жатыр.

Бірақ проблема атаулы толық шешілді деуге әлі ерте. «AMANAT» фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Нартай Сәрсенғалиев суррогат ішімдіктердің саудасына түбегейлі тосқауыл қойылмағанына назар аудартады. Оның пікірінше, «самопал» арақ дайындайтындар техникалық спиртке метанол қосады екен. Соның салдарынан ішкен адам не соқыр болып қалады, не ақылынан алжасады, нашакордай тәуелді болады.

ІШІМДІКПЕН КҮРЕС – ӨРКЕНДЕУГЕ ҮЛЕС

— Мысалға, қантарда Шымкентте қолдан жасалған алкоголь дайындаған цех анықталды. 3 жылдан бер ерлі-зайыптылар халықты улап келген. 309 миллион теңге табыс тапқан. Қымбат көлік пен сарайда шалқып жүрген олар 3 жылда мыңдаған адамды улап бітті. Тексеру кезінде цехынан 24 мың жалған акциз, 9 мың литр этил спиртті табылған. «Самопал» сағатындар миллиондарлы қалтасына басалды, — деді ол. «Дала қырандары» жастар бірлестігі елордада суррогатты алкоголь сатқан 200 дүкенді анықтапты. Жастар бір мәселеге депутаттардың назарын аудартады: ондай сауда орнын тауып, полиция шақырса, тәртіп сақшылары дүкен иесіне әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 200-бабы бойынша хаттама толтырып, адам улаған-дарға 39 мың теңге айыппұл салумен шектеледі екен. Демек, заңнамадағы жазаны қатайту керек.

Осыған орай Мәжіліс депутаттары заңсыз жасалған ішімдік өнімдерін сататын кәсіпкерлерге 600 мың теңгеге дейін айыппұл салып, лицензиясынан айыруды қарастыратын заңнамалық түзетулер әзірледі. Енді оған Үкіметтің, мүдделі меморгандардың және бизнес қауымдастықтың келісімін алу қажет.

Денсауминінің түсіндіруінше, Қазақстанда алкогольді тұтынуды азайту саясаты іске асырылады. Біріншіден, этил спиртті мен алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымын реттейтін заңнамалық актілер қабылданды және әрі қарай жетілдіріліп жатыр. Екіншіден, күшті алкоголь суусындарына салынатын салықтар едәуір артты. Үшіншіден, алкоголь өнімін жарнамалау, оны уақыты мен жасына байланысты

сатуға заңнамалық шектеулер қолданылады. Биылдан бастап, спиртті ішімдіктерді 21 жасқа толмаған жастарға да сатуға рұқсат етілмейді. Көшелерде және қоғамдық орындарда алкогольді ішімдіктерді ішуге тыйым салынды. 2024 жылы бұқаралық орындарды патрульдеу барысында полицейлер көшеде мас күйде жүрудің және арақ ішудің 200 мыңнан астам фактісін анықтады.

Премьер-Министрдің орынбасары Ермек Көшербаев депутаттарға суррогат өнімдермен күрес те жүйелі жолға түсірілетінін жеткізді. Жалпы, жалған өнім деген әлдебір лас цехта, гаражда жасалатын «самопал» ғана емес, оны спирт және арақ-шарап зауыттары да өндіретін көрінеді. Кейбірі жұмыс уақытында, түсте акциз белгілері жапсырылған заңды өнім шығарса, есік-терезе тарс жабылған соң, түнде ондай белгілері жоқ жалған өнім әзірлеуге кіріседі.

— Үкімет заңсыз алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымын реттеуге, алкоголь-нің алын алуға, сондай-ақ халыққа сапасыз алкогольді тұтынудың салдары туралы түсіндіруге бағытталған шаралар кешенін іске асырады. Айталық, әрбір өндірістік кәсіпорында өндірілетін алкоголь мен көтерме сату көлемін нақты уақыт режимінде, онлайн тіркеуге мүмкіндік беретін озық қадағалау жүйелері енгізілді. Жүйеге 48 кәсіпорын қосылған. Бұл өндіру, сату процестерін тиімді бақылауға мүмкіндік береді және алкогольдің заңсыз айналымымен күрестеуе ықпал етеді, — деді Үкімет басшысының орынбасары.

Өз кезегінде Ішкі істер министрлігі алкогольді қолдан жасау және заңсыз

саудалау құқықбұзушылықтарын анықтап, жолын кесу үшін 2024 жылы 6 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектісін жауапқа тартты, оның үштен бірі сот шешімімен лицензиясынан айырылды.

Сондай-ақ салықшылар мен кеденшілерді біріктіретін Мемлекеттік кірістер комитеті алкоголь өнімін таңбалау қағидаларын бұзуға қатысты кәсіпкерлік нысандарына тұрақты негізде мониторинг және бақылау жүргізеді. 2024 жылы тексеру барысында 2 257 салық төлеушіден 1,2 миллион литр заңсыз алкоголь өнімі тәркіленген. 1 157 салық төлеушіге айыппұл салынды. 35-і лицензиясынан айырылды.

Қаржылық мониторинг агенттігі 2024 жылы және 2025 жылдың басынан бері суррогат алкоголь өндірісі бойынша 54 қылмыстық істі тіркеді, 25 жерасты цехы жойылды, 205,4 мың бөтелке суррогат ішімдіктер, 354 мың литрден астам спирт және құрамында спиртті бар сұйықтық заңсыз айналымынан алынды.

Алкоголизмнің алдын алу және ішімдікті тұтынуды азайту тұрғысынан Денсаулық сақтау министрлігі саламатты өмір салтын ұстанатын халықтың үлесін арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асырады. Жыл сайын «Ұлттық алкогольден бас тарту күні» ұйымдастырылып, ауқымды ақпараттық науқан өткізіледі. 2024 жылы 182 мың адамды қамтыған 10 мыңнан астам іс-шара, спорттық акция, атааналар жиналысы, шығармашылық конкурс, басқасы өткізілген.

2025 жылдың басынан БАҚ-та 1 мыңнан астам материал жарияланды. 2024 жылы спортпен айналысатын адам саны 8,4 миллионды құрады. Оның ішінде 6,9 миллионы түрлі секцияға барады. Ел Үкіметі Парламентпен, әкімдіктермен, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, алкоголизммен күрес және саламатты өмір салтын насихаттау шараларын одан әрі күшейте бермек.

Елдос СЕНБАЙ

АЙМАҚ

22 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ

ЖӨН ЕКЕН!

«КРЕАТИВТІ ИНКЛЮЗИЯ»: ҚОЛӨНЕРГЕ ҮЙРЕТЕДІ



Қарағанды облысына қарасты Теміртау қаласының кәсіпкері Наталья Воротынская «Креативті инклюзия» жобасымен республикалық байқауда жеңіске жетіп, шағын мемлекеттік гранттың иегері атанды. Қолға тиген миллион теңгеге ол ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін киіз басу және ұсақ моншақ тоқу курстарын ұйымдастырады.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Наталья Воротынская — «Шебер-Теміртау» әлеуметтік қолөнер орталығының негізін қалаушы. Ол мүгедектерді оқытуды 2016 жылы бастаған болатын.

— Мен — киіз басу шеберімін. 2016 жылы мені Жұмыспен қамту орталығынан курстар жүргізуге шақырды және 90% көру қабілеті бұзылған адамдардан тұратын арнайы топты жинады. Мен үшін бұл алғашқы осындай тәжірибе еді, қиындықтар да болды. Бірақ бұл маған нәтижелі жұмыс істеуіме көмек болды. Мен ерекше мұқтаждығы барадамдардың сапалы кәдесый қолөнер өнімдерін жасауы мүмкін екенін дәлелдедім. Осының арқасында Қазақстанда танымал бола бастадық. 2019 жылы біздің орталық «Қазақстанның үздік тауары» байқауына қатысып «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» сертификатын алды, — дейді Наталья.

«Креативті инклюзия» жобасын дайындаған қолөнер шебері, ұтып алған гранттық қаражатқа ол мүгедек адамды қолөнерге ғана емес, өз тауарын таныстырып, сатуға да үйретуде.

— Гранттық қаражат киіз басуға арналған материалдарды сатып алу үшін қажет. Олар өте қымбат. Сонымен қатар, тауарды таныстыру мәселесі әрқашан өзекті. Жәрмеңке ұйымдастыру, оған арналған құрал-жабдықтар табу оңай емес. Гранттық қаражат осы маңызды дүниелерді шешуге көмектеседі. Оларға мен 10 үстел, дастархан, орындықтар сатып аламын. Яғни, жәрмеңкенің барлық жабдықтары 10 адамға арналған, — дейді кәсіпкер.

Сондай-ақ оның курсында тыңдаушыларға киіз басудан басқа, ұсақ моншақтарды тізбелеп, тоқуды, шам жасауды және сабын қайнатуды, әлеуметтік желіде парақша жүргізуді және өз өнімдерін сату мен көрсетуді ілгерілетуді үйретеді.

Натальяның айтуынша, қолөнер ерекше қажеттіліктері бар адамдарға өздерінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға ғана емес, қосымша табыс көзіне қол жеткізуге де көмектеседі.

Осылайша, әлеуметтік жоба бірден бірнеше ортақ міндеттерді шешеді, яғни мәденидігі шектеулі жандарға қоғамға кірігуге және оның белсенді мүшесі болуға көмектеседі.

Айта кету керек, Қарағанды облысынан шағын гранттармен барлығы бес жоба белгіленді.

ЭКОСАНА



Табиғат – адамзатқа берілген ең үлкен аманат. Алайда соңғы жылдары экологиялық қауіптер мен климаттың өзгеруі бізден нақты әрі батыл әрекеттерді талап етіп отыр. Осы ретте «Таза Қазақстан» бастамасы қоршаған ортаны қорғауға бағытталған кешенді және ұзақмерзімді бағдарлама ретінде айрықша маңызға ие.

Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

«Таза Қазақстан» бұл жай ғана сенбілік іс-шарасы емес. Бұл — мемлекет, бизнес және азаматтық қоғам өкілдерінің бірлескен күшімен жүзеге асып жатқан үлкен экологиялық қозғалыс. Аталған бағдарлама еліміздің өзекті экологиялық мәселелерін шешуге бағытталған және бірнеше негізгі бағытты қамтиды. Акция аясында қалалар мен ауылдарды тазалау, көгалдандыру және жасыл аймақтарды кеңейту, су айдындарын қалпына келтіру, экологиялық білім беру мен тәрбие жайы қамтылады. Бұл бастама тек табиғатты қорғауға емес, сонымен қатар халықтың денсаулығын жақсартуға, туризмді дамытуға және халықаралық беделімізді арттыруға бағытталған.

Сәуір айында өткен «Таза Қазақстан» экологиялық фестиваліне қатысып, сөз сөйлеген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Таза-лық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан» — бұл бір күндік науқан емес, бұл — біздің өмір салтымыз», — деп атап өтті. Бұл үндеу халықтың экологиялық жауапкершілігін арттырып, табиғатқа деген қамқорлықты өмірлік дағдыға айналдыруға шақыру болды.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында Шымкент қаласында ауқымды тазалық жұмыстары тұрақты түрде өткі-

ШЫМКЕНТТЕГІ ОҢ ІСТЕР



Тәртіп сақшылары мен қоғамдық белсенділер бірлесе отырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, заң бұзушыларға ескерту беруде. Ескертуге мойынұсынбағандарға Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 505-бабы бойынша 78 640 теңге көлемінде айыппұл салынады.

зілуде. Мәселен, Сәуле шағынауданында ұйымдастырылған сенбілікке 250-ден астам тұрғын мен коммуналдық сала қызметкерлері жұмылдырылып, 15 тоннадан астам қоқыс шығарылды. Мұндай жұмыстар қаланың келбетін жақсартып қана қоймай, тұрғындардың қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертуде.

Сондай-ақ Қазығұрт шағынауданында заңсыз қоқыс тастау деректерін болдырмау мақсатында рейдтік

шаралар ұйымдастырылды. Тәртіп сақшылары мен қоғамдық белсенділер бірлесе отырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, заң бұзушыларға ескерту беруде. Ескертуге мойынұсынбағандарға Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 505-бабы бойынша 78 640 теңге көлемінде айыппұл салынады.

Дегенмен кей жағдайларда тұрғындардың заңсыз қоқыс тастауына инфрақұрылымның жеткіліксіздігі себеп болып отыр. Қалдықтарды заңды түрде тапсыру үшін арнайы полигондармен келісімшарт қажет. Бұл қарапайым еріктілер үшін қиындық тудырады.

Белсенді азамат Сүлеймен Камбаровтың айтуынша, Қазығұрт шағынауданында қоқыс шығару жұмыстары екі мекеме арқылы атқарылады. Коммуналдық қызметтер ішкі көшелерді тазаласа, «Бастау 03» ЖШС ірі көлемді қалдықтарды жинаумен айналысады. Алайда олардың жұмысы кейде уақытылы орындалмай, тұрғындардың наразылығын туғызады. Әкімдіктің араласуынан кейін бұл мәселе реттеліп, қазіргі таңда қоқыс шығару жұмыстары тұрақты жолға қойылған.

Рейдтік шаралар мен сенбіліктер экологиялық тәртіпті қалыптастырудың бір бөлігі ғана. Ең бастысы, әрбір азаматтың табиғатқа деген мәдени көзқарасын тәрбиелеу. Тазалықты сақтау тек айыппұлдан қорқу емес, ол әрбіріміздің борышымыз.

ТҮЙТКІЛ

ЖАСТАРДЫ «УДАН» АРАШАЛАУ – МІНДЕТ

Есірткімен күресу – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, тұтас қоғамның ең жауапты да ортақ міндетіне айналды. Есірткіге қарсы күресте Ақмола облысының тәртіп сақшылары да жүйелі әрі нақты жұмыстарымен нәтижелі қадамдар жасап келеді.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Қазіргі цифрландыру заманында жастардың санасын ұлайтын жалған ақпараттар легі әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы көз ілеспес жылдамдықпен тарап жатыр. Салдарынан, ес білмеген бала, ой тоқтатпаған жасөспірім есірткінің құрбанына айналып, кейбірі табыс табамын деп жүріп қылмыстық торға қалай шырмалып жатқанын да білмей қалып жатқаны ашы шыныдық. Курьер болуға келісіп, болашағын өз қолымен қиып, темір тордың ар жағынан бірақ шығатын жастар қатары аз болмай тұр. Бұл мәселеге бейжай қарамаған Ақмола облыстық Полиция департаменті интернет кеңістігін ерекше бақылауға алып, зиянды контенттің таралуына тосқауыл қоюды күшейтті.

ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ЖҮРГІЗІЛДІ

Ақмола облысы Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының басшысы, полиция полковнигі Думан Сабыржановтың айтуынша, биылдың өзінде «Киберқалағалау» базасына 775 сілтеме тіркелген. Бұл — өткен жылмен салыстырғанда екі есе көп. Сонымен қатар «Антифрод» жүйесіне 1 218 дерек енгізіліп, жедел киберқауіпсіздік шаралары қабылданған.



қарас қалыптастыруға назар аударылды, — дейді басқарманың аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Разия Курсанова.

ЖАСТАР – БАСТЫ НАЗАРДА

Тәртіп сақшылары жастар мен жасөспірімдердің есірткі бизнесінде жиі «арзан күш» ретінде пайдаланылатынын ескере отырып, оларды қорғауға бағытталған іс-шараларға ерекше ден қойған. Спорттық турнирлер — кикбоксинг, каратэ, футбол, жүгіру марафондары мен ұжымдық жаттығулар жастарды салауатты өмірге үндеуге бағытталыпты. Сонымен қатар сурет және графикалық байқаулар, квест ойындары мен викторина-

лар, зияткерлік сайыстарда жас ұрпақтың шығармашылығын шыңдап, зиянды әдеттерге қарсы ішкі иммунитет қалыптастыруға ықпал етпек.

Айлық шенберінде мектеп, колледж және еңбек ұжымдары арасында ұйымдастырылған ашық дәрістерде де есірткіге қатысты заңнамалар, оның салдары мен интернеттегі алаяқтық тәсілдерді кеңінен түсіндіру қолға алынған. Қатысушыларға жадынамалар мен бейнероликтер ұсынылып, еркін пікір алмасу арқылы құқықтық сауат арттыруға мүмкіндік берілген.

— Жазғы демалыс кезеңінде балаларға қауіп төндіретін әлеуметтік топтарға ілесу қаупі жоғары болатыны белгілі. Осыған байланысты жазғы лагерлер мен мектептерде интерактивті

сабақтар мен қауіпсіздік тренингтері ұйымдастырылып, балалар полиция бөлімшелеріне экскурсия жасап, кинологиялық қызметпен танысу мүмкіндігіне ие болды. Әсіресе, есірткі іздейтін қызметтік иттердің жұмысы бүлдіршіндерге ерекше әсер қалдырды, — дейді Разия Талғатқызы.

26 маусым — Халықаралық нашакорлыққа қарсы күрес күні Ақмола жұртшылығы үшін есте қаларлық мәдени-әлеуметтік іс-шараға ұласты. Көкшетаудағы Абылай хан алаңында «Мен өмірді тандаймын!» атты ауқымды акция өткізіліп, онда отбасылық жарыстар, кинологтер көрінісі, «Сенім» оналты орталығының театрландырылған қойылымдары, спортшылар мен өнерпаздардың өнері тоғысты. OPEN AIR форматындағы концерт, викториналар мен сыйлықтар көрермен көңілінен шықты. Жалпы, айлық шенберінде аймақтың барлық түкпірінде түгелдей іс-шаралар легі толастамағанын атап өткен жөн. Облыстың барлық аймағында жастарға арналған концерттер, марафондар, сурет байқаулары, ақпараттық кездесулер ұйымдастырылды. Әсіресе, жазғы демалыс орындарында ашық форматтағы түсіндіру шаралары жүргізіліп, оған 2 000-нан астам бала қамтылғаны мәлім болды.

P.S.

Жалпы, есірткіге қарсы айлық барысында 6 000-нан астам адамды қамтыған ауқымды жұмыс қоғам мен билік арасындағы байланысты нығайтып, ортақ жауапкершілікті терең ұғынуға жол ашты. Есірткіге қарсы күрес — тек тәртіп сақшыларының емес, барша қоғамның ортақ парызы. Бұл бастама — қауіпсіз, салауатты болашаққа бастар нақты әрі пәрменді қадам.

АЙНА

22 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ



ҚЫМЫЗДЫҢ ҚЫЗЫҒЫНА ТҮСКЕН КҮН

19-20 шілдеде Арқа төсін ән мен күйге бөлеген BaiQymyz гастрوفестивалі өтті. Елімізде ең үздік бапталған қымызды анықтайтын сайыс тұңғыш рет ұйымдастырылды. Бұл тойды көрген де, көрмеген де таңданысын жасырмады. Өйткені қымыздан бөлек, аттың сынын анықтап, жүйрік тазыны таныды. Ұмыт қалған ұлттық тағамды әзірлеп, ойын-сауық бағдарламасы кештің көрігін қыздырды. Қымыздың пайдасынан бастап ұлттық спортқа дейін жіктеген ғылыми конференцияның жөні бір басқа. Халық «жазда наурыз тойын тойлағандай болдық» десе, қатысушылар қымыз өндірісіне қатысты көтерілген мәселе жерде қалмауын сұрады.

50 КӘСІПКЕР – 30 МЫҢ ТОННА ҚЫМЫЗ

Иә, екі күн бойы «Қазанат» атшабарында көз қызығар той өтті. Екі ай бұрын сауын айтқан мерекеге біз де асыға жеттік. Ақшанқан киізүйлер алыстан менмұндайды. Үлкен сахнада ән әуелеп, халық құжынап жүр. Расымен, қымыз мерекесіне екі күнде 70 мың халық жиылған екен. «Женімпазға дауыс беру керек» деген соң жүгіре басып, ақ шатырдың алдына бардық. Жете бере сарайынды ашар қымыз иісіне «мас» болдық. Шатыр ішінде тура 50 қатысушы тізіліп тұр. Бастапқыда айтқандай, 16 мың тонна емес, 30 мың

дай, гастрوفестиваль әр кәсіпкерге өнімін жарнамалауды, маркетинг техникасын үйретіп, жана нарыққа шығуды несиісқандай. Өйткені халық кей қымыз брендінен дүкені бар-жоғын, қалай сатып алатынын сұрап, байланыс нөмірін сұрап жатты. Жамбыл облысынан келген қатысушы қымыздың көп бөлігін бірінші күні-ақ сатып тастағанын, келесі жолы жарты тонна жеткізуді жоспарлап қойғанын айтты. Алматы қаласынан келген Abzal қымыз бренді іс-шара өзі ойлағаннан да жоғары деңгейде өткенін, кәсіпкерлерге қолдау білдіріп жатқанына дән риза екенін жеткізді. Қымыз ұрттап жүріп, кәсіпкердің мұң-мұқтажын да тыңдап үлгердік.



тонна қымыз жиналыпты. Аста-төк дастарқаннан екі күн бойы дәм үзілмеді.

«Еліміздің түкпір-түкпірінен 50-ден астам қымыз өндірушіні жинадық. Әрқайсысы 500 литрден астам қымыз алып келді. Соның арқасында жана рекорд орнаттық. Егер фестиваль жұртқа ұнаса, жыл сайын өткіземіз», — деді BaiQymyz фестивалінің ұйымдастырушысы Жұмажан Қалтаев.

Қымыздан дәм татып, дауыс беріп жатқан жұрттың есебі жоқ. Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жамбыл облысы, Оңтүстік Қазақстан, Орталық пен Батыстың қымызы самсап тұр. Жаймен басып, кезек пе кезек аралап, дәмін көрдік. Бір-бірін шатастырып алмау үшін, тостағанның түбіне ғана құйып беруін өтіндік. Жиылғандар қымызға тойып алайық деп емес, дәмнен қателеспейік деп қипықтады, білем. Ұлттық сусынның заты ғана емес, аты да қандай әсем десеңізші?! Аша қымызы, «Актерек» қымызы, «Ақарыс ақ бұлағы», Adil qumyz, «Шындағы шипа» қымызы, Aqsaaqal қымызы, Qula қымызы, «Текті сусын», «Баянның бал қымызы», «Қымызынай» «Төре қымыз», «Шетырғыз», «Дарига-дәурен» қымызы деп жалғаса береді. Тостағаннан ұрттап жатып, жан-жаққа көз тастадық. Сөре жанында сандық, түскіміз, одан қала берді қымыз өндіруші туралы баннер мен марапаттары тізіліп тұр. Қосетек көйлек киіп, күміс әшекейін жарқыратып, сабасымен баптай қымыз сапырып тұрған келіншектің көркіне көз сүйінеді. Бұрабай ауданынан келген «Қымызынай» брендінің иесі «ата-бабамыз күмісті қалдір тұтқан ғой, май шайқасам да, күбі пісем де күмісті жанымнан тастамай-мын» дейді. Байқап қарасақ, қатысушының бәрі ұлттық киім киіп, әшекей бұйымын сайлап келген. Содан ба, гастрوفестиваль жалғасып жатса, келер жылы шапанамызды сайлай келеміз дестік.

ТАРИХПЕН ҮНДЕСКЕН АТАКӘСІП

Айтса-айқандай, әр қымыз өндірушінің өз тарихы, көрген-білгені бар. Дауыс берушіге бәрін тәптіштеп түсіндіріп, әрбіріне қымызды қалай өндіргенін түсіндіреді. Жұмажан Қалтаев айтқан-

“**Қымыздан дәм татып, дауыс беріп жатқан жұрттың есебі жоқ. Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жамбыл облысы, Оңтүстік Қазақстан, Орталық пен Батыстың қымызы самсап тұр.**



«Қымыз өндірісі, баптау туралы қаншама құнды дерек айтылды. Конференцияда көтерілген тақырыпты көріп, конференц-шатырға тартып отырғым келді. Маған Қалырбек Мейрамбековтың сублимацияланған бие сүтінің ауқымды өндірісі туралы ойы ұнады. Өзім де өнімдімізді сублимациялап, өндіріске шығарғым келеді. Қазір де өткізігім келгенімен, жақын маңда зауыт жоқ. Сублимация жасау үшін қымызды бабымен апаруың керек. Сол үшін қымызды көп өндіретін облыстардан бір-бірден шағын зауыт ашып, іске кіріссе. Жұмыс күші көбейіп, ұнтақталған қымызды шетелге экспорттау көлемі де артар еді. Кәсіпкерлерге, соның ішінде ұлттық сусын өндіріп отырғандарға жеңілдік жайын да қарастыра. Осында көтерілген мәселе аяқсыз қалмай, шешімін тапса екен», — дейді «Жоламан» қымыз брендінің иесі Нұрғали Жоламанұлы.

Ұйымдастырушылар айтқандай, гастрوفестивальге өндірісте жүргеніне үш жыл болған немесе көзін ашқаннан атакәсіпті дөңгелетіп отырғандар да келген. Соның бірі «Текті сусын» брендінің иесі — Жылқыбай Төлегенұлы. Қызығы сол, шешесі жайлауда қымыз сауып жүріп толға-тып, соның құрметіне атасы есімін Жылқыбай қойған екен. «Жылқысы көп болсын, қымызы тәтті, мол болсын» деп батасын берген. Төлегенұлының атакәсіпті жалғастырып жүргеніне жарты ғасырдан астам уақыт болған. Қазір балалары мен немерелерінен бөлек, 25 адамды жұмыспен қамтып отыр. «Текті сусынды» ата-бабасынан қалған, шешесі үйреткен технологиямен өндіріп жүр.

«Біріншіден, қымыздың бабына жылқының жеген шөбі де әсер етеді. Таудың жем-шөбі бөлек.

Екіншіден, ішіндегі бактерияны өлтірсін деп қайынның қодырымен ыстаймыз. Біреу қаймақ қосатынын, ендігісі сары май қосатынын айтады. Біз бие сүті болған соң, семіз жылқының қазысын қосамыз. Сонда қымыз реакция беріп, ерекшеленеді. Байқаудың бірінші күні 800 литр әкелгенбіз. Бүгін 600 литр қайта алдырдық. Бас-аяғы 1.5 тонна қымыз әкелдік. Ішінде сатылғаны да бар. Ел ішіндегі нарыққа биыл шыға бастадық. Конференцияда қымызды ұнтаққа айналдырып, экспорттау жайы айтылды. Бұл менің арным, ұзақ жылдар бойы ойда жүрген іс. Сублиматорды Қытайдан, болмаса Германиядан алдырсам ба деп ойланып жүргенмін. Болашақта өндірісті қолдап, мемлекет несие беретінін де айтты. Мәнінше, ел ішіндегі, шетелдегі сұранысты қамтамасыз ете аламыз. Қымызды Бұрабайдан Алтай өлкесіне, Ресейге, Түркия мен Қытайға алып кетеді. Енді ұнтақтап сату жүзеге асса, тасымалдау да жеңіл болар еді. 100 грамм суға бір қасық қы-

мыз ұнтағын қоссаңыз, таза сүт болып шыға келеді. Мұның кәдімгі қымыздан ешқандай айырмасы жоқ», — деді ол.

БАЛ ҚЫМЫЗ, ҚАЗАНАТ ПЕН ЖҮЙРІК ТАЗЫ

Жәрменкедегі әр қымыздан дәм татып, дауыс беріп, шатырдан шыққанда түс ауған екен. Оның үстіне, халықтың дауысынан бөлек, лаборатория анықтамасы, комиссия шешімі де әсер етеді. Одан бөлек, 50 шаруашылықтың презентация жасап, өзін-өзі жарнамалағаны тағы бар. Нәтижесі шыққанша, халық қиқуы үдей түскен жаққа жеттік. Аужайласақ, «Ер қанаты» атты тұңғыш жылқы көрмесі екен. Асыл тұқымды сәйгүліктің бәрі бірінен-бірі өтеді. Тұяғымен жер тарпып «Менен асканы бар ма?» деп тұрғандай. Ішінде гонновер, таза қанды ағылшын, орыс желісті, ахалтеке жылқысы мен қазақы тұқым да бар. Жабы, мұғалжар, қостанай, бесқарағай жылқы тұқымы да келген. Сондай-ақ «Ұлы дала жорығы» бәйгесінің чемпиондары көрмеге сәулен берген. Ат көрсе дөбесі қозатын қазақ сәйгүліктерді күні ұзақ қызықтады. Аттың сынын

білетіндері бірінін болмысына, бірінін тұрысына, ендігісінің желісіне танырқады. Дегендей-ақ «Қазақтың ең сұлу жылқысы» номинациясында мұғалжар тұқымы топ жарды. Ал «Ең жүйрік жылқы» аталымында қостанай тұқымы үздік атанды. Одан бөлек, асылтұқымды тазылардың ішінен шапшаны мен ептісіні танып, марапаттады. Топ тазы алдынан жүгіріп өткенде бойынды рух кернеп, ерекше бір күйге бөленесін.

Мұндай тойдан балалар да құралақан қалмады. Асықатып, алтыбақан теуіп, қой-радеосына қатасты. Ересектер де 55 келі қойды көтеріп, өзара мықтыны анықтады. Концерт тамашалап, ғылыми конференциядан білім жиғандар да бар. Қысқасы, байқау нәтижесі шыққанша ешкімнің іші пыспады. Бірақ бас-аяғы 45 миллион теңгенің иесі кім болары көпті қызықтырды, білем. Байқау жеңімпазын күн ұясына батқан мезгілде жариялады. Абай облысы, Саржал ауылынан «Жаныс» шаруа қожалығы «Ең үздік қымыз» иесі атанды. Жеміппазға 20 млн теңге сый берілді. Екінші орынды Қарағанды облысы, Қарқаралы қымызы, «Қарынши» шаруа қожалығы иемденді. Оларға 15 миллион теңге табысталды. Ақмола облысы, Қымызынай қымызы, «Қабдулин» шаруа қожалығына үшінші орын мен 10 миллион теңге бұйырды. Одан бөлек, демеушілер «Алтын күбі», «Алтын қор», «Күміс торсық», «Күміс шара» аталымы бойынша сыйақы табыстады. Сонымен, жоғары деңгейде ұйымдастырылған байқауға келген де, қатысқан да риза болып, жадырай тарқасты.



Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

КӨКЖИЕК

АЛМАТЫДАН АВИНЬОНҒА ДЕЙІН...

Әлемге әйгілі махаббат тарихы Еуропа сахнасында қазақ тілінде сөйледі. Алматы қуыршақ театрының ұжымы Францияның Авиньон қаласында өтіп жатқан Off Avignon халықаралық театр фестивалінде өнер көрсетті. Бүгінде тарихы сонау 1947 жылдан бастау алған фестиваль Еуропа құрлығындағы ауқымды әрі беделді іс-шаралардың бірі. Осы уақыт аралығында аталмыш фестиваль түрлі мәдениет өкілінің басын қосып, көрерменге сан түрлі тақырыпты қаузайтын мәнді де мағыналы қойылымдарды ұсынды. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген режиссерлер мен актерлер, қойылымдар мен түрлі эксперименттер тоғысқан алаңға айналды. Ғасырға жуықтаған шежіресі бар фестиваль жыл сайын дәстүрлі түрде жалғасын тауып келеді.



Биылғы фестивалде театр ұжымы көпке танымал «Ромео мен Джульетта» қойылымын ұсынды. Бұл — қазақша үн мен шын сезімнің үйлесім тапқан көрінісі, классикалық туындының жана, қазақы қырынан қайта түлеген нұсқасы еді. Қойылым режиссері — Дина Жұмабаева. Классикалық шығарма қоғамдағы мәдени және әлеуметтік шектеулерді заманауи қуыршақ өнері арқылы бейнелейді. Ұрпақтар арасындағы қатығыс, патриархалды жүйенің қысымы, жастардың таңдау еркіндігі, ұлтаралық таптық сынды өзекті мәселелерді ашып көрсетеді. Ал сахнадағы қуыршақтар — адамдардың үнсіздігі мен ішкі тартысының көрінісіне айналады. Актерлік ойын мен қуыршақ пластикасы үйлесім тапқан қойылым көрерменге ерекше әсер сыйлайды. Талантты режиссер Дина Жұмабаева қойылымға эмоциялық тереңдік қоса білген.

— Казак театры табиғатынан әмбебапты. Дәстүрлі бағыттар да, жаңашыл ізденістер де кездеседі және бір-бірімен үйлесе алады. Қуыршақ театрындағы «Ромео мен Джульетта» кіші сахна форматында, қуыршақ кейіпкерлердің қолданысымен сахналанған. Әдетте, Шекспирге келгенде көптеген театр үлкен сахнаға, актерлердің көп болуына, костюмдер мен декорациялардың сол дәуірге сәйкес болуына мән береді. Біз мұндай классикалық бағыттан гөрі, заманауи форматты дұрыс деп таптық. Біз декорация, реквизит, киім және қуыршақтарға келгенде минималистік стильге ден қойдық. Сондықтан кіші зал кеңістігін таңдадық. Біз үшін көрерменнің басты назары тілге, драматургияға, сюжетке, актерлік ойынға, қуыршақтардың қимылына қойылғанын қаладық. Спектакльде қуыршақтарды да, актерлерді де алдыңғы планға шығардық. Бір актер бірнеше қуыршақтармен жұмыс істеп, түрлі кейіпкер рөлін қатар сомдайды, — деді режиссер Д.Жұмабаева.

Өнер ұжымының Франциядағы алғашқы көрсетілімі 16 шілде күні LaScierie театры сахнасында өтті. Фестиваль аясында ашық аспан астында театр артистерінің қатысуымен түрлі шеру мен кездесу ұйымдастырылады. Шеруге қатысқан қазақстандық театр ұжымы да фестивальде рөл сомдаумен шектелмей, қала көшелеріне шығып, афишалар мен флаерлер таратқан. Осылайша, олар шаһар жұршылығына қазақ өнері, театр шығармашылығы жайлы әңгімелеп, шетелдік көрерменді қойылымды тамашалауға шақырады.

— Расымен де, бұл фестивалді әлемдік деңгейдегі іс-шара деп айтуға болады. Өйткені мұнда жер шарындағы түрлі елдің театр ұжымдары жиналған. Қала толықтай театр кеңістігіне, театр әлеміне айналып кеткендігі дерсін. Қаланың қай бұрышына барсаң да, әртүрлі сахнаны кездестіресің. Олардың бәрі де күн сайын спектакль қояды. Сахнада өнер көрсетуден бөлек, жарнамалық жұмыстармен айналысып келеміз. Осының өзі біз үшін қызық тәжірибе болды, — деді басты рөлді сомдаушы актер Ұлан Асанбек.

Театр ұжымы Еуропа сахнасында 26 шілдеге дейін өнер көрсетеді. Мемлекеттік қуыршақ театрының директоры Алмат Амангелді бұл фестиваль ұлттық қуыршақ өнерін әлемдік деңгейде таныстыруға таптырмас мүмкіндік екенін атап өтті.

— Off Avignon фестиваліне қатысу Алматы қуыршақ театрының тарихындағы айтулы белес. Біз «Ромео мен Джульетта» трагедиясын қуыршақ тілімен жанаша түрлендіріп ұсындық. Спектакльде актерлік шеберлік пен көркем қуыршақ пластикасы үйлесім тауып, көрерменге жана эстетикалық әсер сыйлайды. Спектакль өткен ғасырдағы отбасы тарихын ғана емес, сонымен қатар қазір өзекті мәселелерді қамти келе, мәңгілік өшпес тақырыптарды тереңнен қозғайды. Бұл сапар біздің ұжым үшін үлкен жауапкершілік әрі шабыт көзі, — деді Мемлекеттік қуыршақ театрының директоры А.Амангелді.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

 AMANAT MEDIA GROUP Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ	Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі	АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР: Абаза АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы Назгул НАЗАРБЕК – Қарағанды облысы Шымкент қаласы Жаннат ҚАЙЫРЖОНИНА – Батыс Қазақстан облысы Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы Бағи ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы	«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102 Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102 Жеке жазылушылар үшін – 65102 ЖАРНАМА БӨЛІМІ: (8707) 675-42-14, (87172) 72-95-31 reklam.aikyn@gmail.com ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: (87171) 804-61-32 podpiska.alt@gmail.com Газет аптасына 3 рет шығады	Газет «Айқының» компьютер орталығында беттелді ТАРАЛЫМЫ: 40 000 Тапсырыс №4619 Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: (87172) 99-77-77 Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ Мұқанов көшесі, 223 Б Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: (87252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,
--	--	---	--	--